ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР АССОЦИАЦИЯСЫ · АССОЦИАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ · СЫР ТАБИҒАТЫ

# СЫР ТАБИҒАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ · ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

12+ №22(500)

25 маусым июня June 2025

Сәрсенбі • Среда • Wednesday

# ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕО СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУДЕ



Премьер-министр Олжас Бектенов су ресурстары мен қалдықтарды басқару мәселелеріне арналған «Қазақстан - Еуроодақ» диалогтік платформасының 17-ші отырысын өткізді.

Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, трансшекаралық ынтымақтастықты дамыту, су пайдалану тиімділігін арттыру және циркулярлы экономикаға көшу шаралары талқыланды. Сонымен қатар Қазақстанның ЕО-мен экологиялық технологиялар енгізу, инвестициялар тарту және озық тәжірибелер алмасу саласындағы әріптестігінің келешегі қаралды.

Премьер-министр өз сөзінде еліміздің су балансына жүктеменің күшеюі жағдайында су ресурстарын ұтымды әрі орнықты басқарудың маңыздылығын атап өтті. Қазақстан Үкіметінің алдында тұрған міндеттерді ескере отырып, оның ішінде су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту және су пайдаланудың тиімділігін арттыру, әсіресе, ауыл шаруашылығында Су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы іске асырылуда. Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы трансшекаралық ынтымақтастық аясында жүзеге асырылып жатқан бірқатар бастама оң бағаланды. Осылайша, Sustainable Energy Connectivity in Central Asia (SECCA) аясында тұрақты су пайдалану және энергия тиімділігін арттыру саласындағы пилоттық жобалар іске қосылды. Team Europe Initiative on Water, Energy and Climate Change өңірлік бағдарламасы Қазақстанның су секторына жеке инвестиция тарту құралы ретінде қызмет етеді.

Қалдықтарды басқару мәселесіне ерекше назар аударылды. Соңғы 10 жылда Қазақстанда қалдықтарды қайта өңдеу үлесі 1%-дан 25%-ға дейін өсті. 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 40%-ға дейін жеткізу жоспарлануда. Өндіруші жауапкершілігінің кеңейтілген жүйесін енгізудің, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату инфрақұрылымы мен технологияларын дамытудың рөлі ерекше атап өтілді.

Премьер-министр Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы әріптестікті нығайту экологиялық инновацияларды енгізу, инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру және «жасыл» күн тәртібін ілгерілету үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынына тоқталды.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев су ресурстарын орнықты басқару және халықаралық серіктестермен, атап айтқанда, Еуропалық Одақпен диалогті дамыту мәселелеріне үлкен мән береді. Бүгінгі кездесу - бұл жай ғана пікір алмасу емес, суды ұқыпты әрі әділ пайдаланатын болашақты бірлесіп қалыптастыруға арналған платформа, қалдықтар құндылық пен жаңа энергияның қайнар көзіне айналады, ал Қазақстан мен ЕО серіктестігі өңірдегі "жасыл" даму мен инновациялық көшбасшылықтың үздік үлгісіне айналады. Мүдделі тараптарды нақты жобаларды жүзеге асыру, технологияларды енгізу және экологиялық мінез-құлықты трансформациялау үшін күш біріктіруге шақырамын. Қазақстан Үкіметі бұл мәселелерде сенімді серіктес болуға дайын», - деп атап өтті Олжас Бектенов.

Еуропалық Одақтың диалогтық платформасының отырысында ЕО Елшісі Алешка Симкич, Германия елшісі Моника Иверсен, Финляндия елшісі Янне Хейсканен, Нидерланды елшілігінің уақытша сенімді өкілі Мартин ван Бюрен; еуропалық компаниялардан - Кавказдағы және Орталық Азиядағы Aqualia бизнесті дамыту жөніндегі директоры Иракли Бабухадия, «SOIL SOLUTION» ЖШС құрылтайшысы және Қазақстандағы Water&Soil компаниясының ресми өкілі Даниел Репасси, Орталық Азия және Кавказ аймағының «Xylem» басқарушы директоры Лев Аппаков, MicroStep-MIS Slovak Consortium Solution for Water Management аймақтық менеджері Абдулла Абдул-Разаков ұсыныстарын айтып, пікір қосты.

Еуропалық Одақтың елшісі Алешка Симкич ЕО-ның Қазақстанның қалдықтарды басқару саласындағы негізгі жобаларын қолдауға дайын екендігін атап өтіп, жергілікті институттарды Horizon Europe зерттеулер мен инновациялар бағдарламасына белсенді қатысуға шақырды.

Елші Моника Иверсен «Жасыл Орталық Азия» бастамасы аясында және Team Europe қолдауымен Германия су ресурстары, энергетика және климат саласындағы өңірлік ынтымақтастықты дамытуды жалғастыратынын деп атап өтті. Негізгі жобалардың қатарында трансшекаралық өзендерді басқару бойынша тәжірибе алмасу, табиғи апаттардың алдын алу үшін климаттық профильдерді дайындау және су шаруашылығы компанияларының Қазақстанға бизнес - миссиясын ұйымдастыру бар.

Финляндия елшісі Янне Хейсканен Қазақстанда өнеркәсіптік және муниципалдық нысандарда ағынды суды тазартудың энергиялық тиімді технологияларын енгізіп жатқан бірқатар фин компанияларының тәжірибесімен таныстырды. Су ресурстарын тұрақты басқаруға бағытталған ынтымақтастықты одан әрі дамытуға әзірлік білдірілді. Нидерланд өкілі Мартин ван Бюрен Нидерланды мен Бенилюкс елдерінің компаниялары консорциумының Ақтауда қуаттылығы тәулігіне 150 мың м$^3$ болатын су тұщыту қондырғысын салу жобасын жүзеге асыруға дайындығы туралы хабарлады.

Сондай-ақ голландиялық DRRS тобы қазақстандық мамандармен бірлесіп жұмыс істейтін су тасқыны туралы ұлттық ерте хабарлау жүйесін құру жөніндегі бастамаға қолдау білдірілді. Еуропалық компания өкілдерінің айтуынша, суды қайта пайдалану технологияларын енгізу, шығындарды азайту және су ресурстарын басқаруда цифрлық платформаларды пайдалану мәселелері өзекті. Өндірістерді локализациялау, техникалық орталықтар құру, тазарту құрылыстарын математикалық модельдеу тәжірибесін кеңейту бойынша ұсыныстар айтылды.

Қойылған сұрақтарға қатысты мемлекеттік органдар тарапынан су ресурстары және ирригацияның бірінші вице-министрі Нұрлан Алдамжаров, экология және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Әлиев, «Бәйтерек» холдингі Басқарма төрағасының міндетін атқарушы Ерсайын Хамитов жауап берді.

**Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы, primeminister.kz материалдар бойынша.**

## КАКИЕ МЕРЫ ПРЕДПРИНИМАЮТСЯ В КАЗАХСТАНЕ ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ ФИТОСАНИТАРНОГО КОНТРОЛЯ?



ЧИТАЙТЕ НА 2-Й СТРАНИЦЕ

## О БЕЗОПАСНОСТИ ЗЕРНА



ЧИТАЙТЕ НА 5-Й СТРАНИЦЕ

# НА КАКОЙ ПЛОЩАДИ ВНЕДРЕНЫ ВОДОСБЕРЕГАЮЩИЕ ТЕХНОЛОГИИ В КАЗАХСТАНЕ?

На порядка 85 тыс. га земель Казахстана внедрены водосберегающие технологии с начала 2025 года, передает агентство Kazinform со ссылкой на Минводы и ирригации.

В южных регионах водосберегающие технологии внедрены на порядка 59 тыс. га земель.



Из них на дождевальные системы приходится 15,5 тыс. га, на капельное орошение - 29,4 тыс. га, выравнено лазерным планировщиком 14,1 тыс. га.

Напомним, что по итогам 2024 года водосберегающие технологии были внедрены на площади порядка 158 тыс. га. Из них на южные регионы пришлось около 130 тыс. га.

- В прошлом году наше министерство на 30% увеличило долю возмещения затрат фермеров на приобретение и установку водосберегающих технологий. Также введен дифференцированный размер субсидий на поливную воду. Для аграриев, использующих водосберегающие системы, размер субсидий увеличен с 60% до 85%. Применение таких технологий позволяет экономить до 30% поливной воды, - сообщил директор департамента развития водосберегающих технологий МВРИ РК Берикбол Мандибаев.

В настоящее время на территории Казахстана функционируют четыре отечественных завода по производству дождевальных машин и капельного оборудования. Они расположены в Туркестанской области, городах Астане и Алматы. В этом году планируется открытие трех заводов по производству капельного оборудования в Туркестанской области.

**По материалам Д.Жусупбековой, inform.kz, фото: Минводы и ирригации.**

## ДЕРЕВЬЯ-ДОЛГОЖИТЕЛИ: КАК СТАРОЖИЛЫ ПОДДЕРЖИВАЮТ ЖИЗНЬ ЛЕСА



ЧИТАЙТЕ НА 8-Й СТРАНИЦЕ

**ПРОГНОЗ ПОГОДЫ КЫЗЫЛОРДА**

Источник: gismeteo.kz

Долгосрочный прогноз погоды является ориентировочным и отражает только характер изменения погоды.

| Дата | День | Ночь | Ветер | Влажность | Давление |
|---|---|---|---|---|---|
| Ср., 25 июня 2025 | +32°C Малооблачно, небольшой дождь | +19°C Ясно | 6 м/с С | 55% влажн. | 745 мм рт.ст. |
| Чт., 26 июня 2025 | +36°C Ясно | +16°C Ясно | 3 м/с СЗ | 82% влажн. | 747 мм рт.ст. |
| Пт., 27 июня 2025 | +32°C Ясно | +19°C Ясно | 2 м/с З | 56% влажн. | 746 мм рт.ст. |
| Сб., 28 июня 2025 | +32°C Ясно | +21°C Ясно | 4 м/с С | 45% влажн. | 743 мм рт.ст. |
| Вс., 29 июня 2025 | +30°C Ясно | +18°C Ясно | 3 м/с СЗ | 56% влажн. | 743 мм рт.ст. |
| Пн., 30 июня 2025 | +33°C Малооблачно | +20°C Облачно | 2 м/с ЮВ | 47% влажн. | 740 мм рт.ст. |
| Вт., 1 июля 2025 | +34°C Ясно | +22°C Облачно | 7 м/с СЗ | 47% влажн. | 740 мм рт.ст. |

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасы "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметтердің екі түрін көрсетеді:

1. "Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру". Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 13 жұмыс күні. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар беру жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 1-қосымшада келтірілген.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген мерзімде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 4 (төрт) жұмыс күнде көрсетілетін қызметті алушы объектіге кіруін қамтамасыз еткен жағдайда мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесі құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және объектіге бару туралы көрсетілетін қызметті алушыны алдын ала хабардар ету. Оның нәтижелері бойынша 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні санитариялық-эпидемиологиялық тексеріп қарау актісі ресімделеді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері объектіге тексеру жүргізгеннен кейін осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген объектіні санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісінің және Объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды, оң қорытынды болған кезде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) нысан бойынша объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды ресімдейді және береді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың Объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) 66-бабында көзделген тәсілдердің бірімен көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім туралы хабарлама жібереді. Хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызмет аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жібереді. Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне қарсылық білдіруге немесе ұсынуға құқылы.

Тыңдауды өткізу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші объектілерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды ресімдейді және береді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

2. "Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру". Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 10 жұмыс күні. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар беру жөніндегі мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына бұйрықтың 5-қосымшасында келтірілген.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған кезде жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген мерзімдерде өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы Жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері объектіге бармай-ақ 6 (алты) жұмыс күні ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігіне құжаттарға санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігіне санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізгеннен кейін Жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттардың оң қорытындысы болған кезде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) нысан бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде жобаларға санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны ресімдейді және береді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың Жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) 66-бабында көзделген тәсілдердің бірімен көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім туралы хабарлама жібереді. Хабарламаны көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызмет аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жібереді. Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде көрсетілетін қызметті берушінің алдын ала шешіміне қарсылық білдіруге немесе ұсынуға құқылы.

Тыңдауды өткізу нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші жобаларға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды ресімдейді және береді не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

**Д.С.АЛИМОВА,**
**Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының санитариялық-гигиеналық бақылау бөлімінің басшысы.**

# КАЗАХСТАН ПОЛУЧИЛ ДОСТУП К КРУПНЕЙШЕМУ БАНКУ ЗЕЛЁНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ КИТАЯ

Международный центр зелёных технологий и инвестиционных проектов (МЦЗТИП) и Шанхайский центр научно-технического обмена подписали стратегическое соглашение о сотрудничестве, открывающее Казахстану прямой доступ к одной из крупнейших в Азии платформ по зеленым технологиям - Green Technology Bank.

Соглашение стало значимым шагом в укреплении научно-технического диалога между Казахстаном и Китаем и открыло широкие перспективы для ускоренного внедрения передовых экологических решений в экономику республики. Теперь казахстанские предприятия, исследовательские центры и стартапы смогут использовать разработки из базы данных Китая, включая инновации в области возобновляемой энергетики, водных ресурсов, переработки отходов, агроэкологии и других направлений.

Согласно достигнутому соглашению, Шанхайский центр научно-технического обмена взял на себя обязательства по обеспечению казахстанской стороны доступом к технологической базе данных и экспертной сети Green Technology Bank. Кроме того, предусмотрена ежегодная организация совместных мероприятий с участием казахстанских компаний - включая роадшоу, форумы и деловые миссии - с возможным предоставлением финансовой поддержки со стороны китайской стороны.

Отдельным направлением станет системная оценка и сопровождение двадцати приоритетных зелёных проектов в Казахстане: эксперты будут участвовать в разработке рабочих планов и предоставлять рекомендации по адаптации технологий к условиям и требованиям местного рынка.

И.о. Председателя Правления МЦЗТИП Сакен Калкаманов подчеркнул стратегическую важность подписанного документа:

«Казахстан получает прямой выход к опыту и решениям одного из глобальных лидеров в сфере зелёных технологий. Это создаёт прочную основу для ускоренного внедрения экологических инноваций, привлечения инвестиций и развития технологического партнёрства. Мы рассматриваем это как стратегический инструмент



продвижения устойчивого будущего для нашей страны».

Обе стороны выразили уверенность, что подписанное соглашение не только усилит двустороннее взаимодействие в рамках глобальных инициатив, таких как «Один пояс, один путь», но и станет практическим инструментом интеграции Казахстана в международную зелёную повестку - через обмен знаниями, открытие новых рынков и запуск совместных проектов.

**По материалам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, www.gov.kz.**

# КОНТАГИОЗДЫ ГЕЛЬМИНТОЗДЫҢ АЛДЫН АЛУ



Контагиозды гельминтоз - адам ағзасында гельминттің тіршілік етуінен пайда болатын, адамда аурушаңдық туғызатын паразиттік ауру. Бүйенді мекендейтін гельминттер ұсақ, жұқа, ақ түсті, ұзындығы 1см болып келеді. Гельминтоз барлық жерде кездеседі. Әдетте бұл инфекциядан 2 жастан 10 жасқа дейінгі балалар зардап шегеді. Аурудың жоғары шегі 5 жасқа келеді. Балалар арасында острицалармен қоздырылатын энтеробиоз жиі кездеседі. Ауру көзі тек адам болып табылады. Энтеробиоз балалар мекемелерінде жиі жұғады (бала-бақшаларда, мектептерде, жазғы сауықтыру лагерінде, қоғамдық бассейндерде және т.б). Аурудың адамға жұғуы тік ішек қатпарларында шоғырланған острицаның жетілген жұмыртқаларын жұтқанда болады. Острицалардың жұмыртқалары төсек-орын құралдарында, іш киімдерде, ойыншықтарда, кілем-төсеніштерде, қолда ұзақ уақыт бойы сақталады және қоршаған орта факторларының әрекеттеріне, залалсыздандыру заттарына өте төзімді болады.

**Энтеробиоздың негізгі белгілері:** кіндік аймағында орын алатын тамақ қабылдағанда пайда болатын іштің аурулары; тәбеттің төмендеуі және салмақты жоғалту; бой өсуінің тежелуі; тері және шырышты қабаттардың бозаруы; анемия; күйгелектік, оқу процесіндегі белсенділіктің төмендеуі; иммунитеттің және профилактикалық егулер тиімділігінің төмендеуі; нәресте организміндегі аллергиялық бетбұрыстардың артуы; перианалды тесік айналасында түнде жиі пайда болатын, балалардың, сондай-ақ ересектердің жанын қинап мазасын кетіретін қышыну; мазасыз ұйқы.

**Алдын алу шаралары:**

- балаларға жеке бас гигиенасын сақтауды дағдыландыру;
-әсіресе түнгі ұйқыдан, дәретханаға барғаннан кейін және ас қабылдар алдында қолды екі рет сабындап мұқият жуу;
-жеке бас гигиенасының заттарын дербес пайдалану;
-тырнақтарды қысқа етіп қырқу;
-іш-киімді күнделікті ауыстыру;
-нәрестенің, әсіресе қыздардың күнделікті жеке бас гигиенасын сақтау;
-әрбір бала өз төсегінде ұйықтауы керек;
-қоғамдық гигиенаны сақтау;
-бөлмелерді ылғалды сақтау;
-ойыншықтарды, столда ойнайтын ойындарды залалсыздандыру;
-төсек-орын жабдықтарын жиі ауыстыру;
-залалсыздандыру ерітінділері арқылы дәретханалардың, қол жуғыштардың, душтардың тазалығын үнемі сақтау;
-ыдыс-аяқтарды залалсыздандыру;
-балалардың тамақтану рационына жеткілікті мөлшерде көкөністер мен жемістерді әсіресе бүйенді гельминттерден тазартуға ықпал ететін сәбізді, сарымсақты енгізу керек;
-балаларда энтеробиоз белгілері байқалғанда медицина қызметкерлеріне көріну қажет.

**Ж.СҚАҚОВА,**
**Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы.**

# КАКИЕ МЕРЫ ПРЕДПРИНИМАЮТСЯ В КАЗАХСТАНЕ ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ ФИТОСАНИТАРНОГО КОНТРОЛЯ?

В Казахстане последовательно реализуется комплекс мер по усилению фитосанитарного контроля. Об этом в ответе на депзапрос сообщил Олжас Бектенов, передает корреспондент агентства Kazinform. По данным Премьер-министра:

• Внедряется международная цифровая платформа ePhyto Solution, признанная Международной конвенцией по карантину и защите растений. Платформа позволит осуществлять электронный обмен фитосанитарными сертификатами между информационной системой «Единая автоматизированная система управления» (ЕАСУ) и системой efito.uz.

• В рамках Евразийского экономического союза (ЕАЭС) ведется работа по интеграции ЕАСУ с уполномоченными органами государств-членов для обмена информацией о фитосанитарных сертификатах. В настоящее время процессы реализуются в пилотном режиме и находятся на завершающем этапе подготовки к промышленной эксплуатации.

• Осуществляется системная подготовка при поддержке Программы ЕС по содействию управлению границами в Центральной Азии (BOMCA), Продовольственной и сельскохозяйственной организации ООН (ФАО) и GIZ.

• Регулярно проводятся семинары по вопросам упрощения торговых процедур, обмена электронными сертификатами, контроля грузов и внедрения передовой европейской практики.

• Ведется работа по развитию прикладных исследований, направленных на мониторинг и борьбу с карантинными объектами. В этой связи прорабатываются вопросы увеличения финансирования и интеграции научных разработок в практику фитосанитарного контроля, что позволит повысить эффективность профилактических мер и конкурентоспособность отечественной продукции на внешних рынках.

• На 2027–2029 годы планируется включение направлений, связанных с интеграцией науки, прикладным потенциалом и научной обоснованностью фитосанитарных мероприятий.

• С апреля 2023 года введен запрет на ввоз пшеницы автомобильным транспортом, а позднее и железнодорожным, за исключением поставок для переработки на птицефабрики и мельничные предприятия.

• В IV квартале 2024 года временно ограничен ввоз яблок автотранспортом в целях поддержки отечественного садоводства.

• Заключены соглашения о сотрудничестве в области фитосанитарии с Узбекистаном, Кыргызстаном, Россией и Китаем. В рамках достигнутых договоренностей проводятся регулярные онлайн-консультации и совместные пограничные инспекции. В мае текущего года проведено обследование приграничных территорий с Республикой Узбекистан - очагов вредителей типа азиатской саранчи не выявлено. С Кыргызстаном проводится мониторинг южных регионов, с Российской Федерацией - северных и восточных областей. В июне 2025 года запланированы совместные мероприятия в западных и северных регионах.

- Учитывая риск миграции карантинных организмов, межгосударственный мониторинг осуществляется на постоянной основе совместно с национальными карантинными службами сопредельных государств. Фитосанитарный контроль находится на постоянном контроле Правительства, - добавил О.Бектенов.

Также, по словам Премьер-министра на 2026-2028 годы



запланировано создание модульных лабораторий на базе действующих учреждений в восьми регионах Казахстана.

В связи с большой протяженностью государственной границы и высоким риском распространения карантинных вредителей, Правительство принимает системные меры по усилению фитосанитарного контроля, совершенствованию механизмов защиты внутреннего рынка и обеспечению продовольственной безопасности страны.

- В 2021-2024 годах за счет республиканского бюджета было приобретено 42 единицы лабораторного оборудования на общую сумму около 500 млн тенге. На 2026-2028 годы запланировано создание модульных лабораторий на базе действующих учреждений и проектирование новых модульных лабораторий с модернизацией оборудования, что позволит обеспечить мобильную диагностику и идентификацию карантинных объектов, особенно в приграничных зонах, - сообщил Премьер-министр в своем ответе на депзапрос.

По его данным, строительство лабораторий планируется в Западно-Казахстанской, Павлодарской, Мангистауской, Жамбылской, Туркестанской областях и областях Улытау, Жетысу и Абай.

- На эти цели предполагается выделить около 2 млрд тенге. Более 1 млрд тенге планируется направить на дополнительное оснащение лабораторий оборудованием для полимеразной цепной реакции (ПЦР) и дооснащение действующих учреждений, - добавил глава кабмина.

**По материалам Қ.Қожабек, inform.kz, фото: freepik.com.**

# ЖҰҚПАЛЫ ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жұқпалы жіті ішек инфекциясы - бірінші кезекте ас қорыту жолын зақымдайтын жұқпалы аурулардың тобы. Оның пайда болуына негізінен микроағзалардың бактерия, вирус сынды түрлері себеп. Жұқпалы жіті ішек инфекциясының тобына-дизентерия, іш сүзегі, А, В паратифтері, тағамдық токсикоинфекция, сальмонеллез, гастроэнтериттер жатады.

Инфекция көзі - науқас адам немесе жіті ішек инфекция қоздырғыштарының тасымалдаушысы. Айналадағы адамдар үшін, әсіресе, аурудың жеңіл, анық байқалмайтын және симптомсыз түрлеріне шалдыққандар өте қауіпті. Микробтар науқастардан және тасымалдаушылардан нәжіс, құсық және зәр арқылы сыртқы ортаға бөлінеді. Жіті ішек инфекцияларын қабылдағыштығы өте жоғары болғандықтан, ересек адамдар мен балалар, әсіресе, 1 жастан 7 жасқа дейінгі балалар ауруға жиі шалдығады.

Ауру негізінен нәжіс арқылы, тамақ, су және ортақ тұрмыс бұйымдарын қолдану арқылы жұғады. Қоздырғыштың ағзаға түскен кезінен бастап ауру белгілері пайда болғанға дейін бірнеше сағаттан 7 күнге дейін уақыт өтеді. Инфекция жұқтырғаннан кейін иммунитет 3-4 айдан 1 жылға дейін тұрақсыз болады, осыған байланысты, аурудың қайталануы әбден мүмкін.

Тамақ, су, тұрмыстық заттар, ойыншықтар аурудың берілу факторлары болып табылады, Жіті ішек инфекцияларын таратуда шыбындар үлкен роль атқарады. Сондай-ақ, антисанитарлық жағдайлар, жеке гигиена ережелерін сақтамау, санитарлық ережелерді сақтамай дайындалған тамақ өнімдерін пайдалану да жіті ішек инфекцияларын жұқтыруға себеп.

**Аурудың алғашқы белгілері:**

Іштің жиі су сияқты өтуі, дене қызуының көтерілуі, баланың ана сүтінен бас тартуы, асқа тәбетінің болмауы, шөлдеу, құсу, бас ауруы, жалпы әлсіздік, селқостық, мазасыздық, ауырсыну, дәретінде қан қоспасының немесе кілегейдің пайда болуы. Қайталамалы құсық, іш өткен сайын науқастың жағдайы ауырлай түседі. Өйткені, организм өз тіршілігіне қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады.

Жоғарыдағы аталған клиникалық белгілер пайда бола бастағаннан дәрігерге көріну керек.

Өздігінше емделу аурудың асқынуына әкеліп соғуы немесе созылмалы формаларына ұласуы мүмкін.

**Жұқпалы жіті ішек инфекциясының алдын алу шаралары:**

-Жеке гигиена ережелерін сақтау, тамақ ішердің алдында және дәретханадан шыққаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;

-Су ішу үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;

-Пайдаланудың алдында жеміс пен көкөністі жақсылап жуып, қайнаған сумен шаю;

-Тамаққа термиялық өңдеуден өткен өнімдерді пайдалану.



Тамақты ұзақ, тіпті тоңазытқыштың өзінде ұзақ сақтамау, жарамдылық мерзімі өткен азық-түлікті пайдаланбау, тағамның бетін ашық қалдырмау;

-Шикі өнімдерді өңдеу үшін жеке ас үй жабдықтарын (пышақ және кесу тақтайлары) қолдану. Шикі өнімдерді дайын өнімдерден бөлек сақтау;

- Азық-түліктің сапасына (дәміне, иісіне және сыртқы қалпына), консервілердің жарамдылық мерзіміне назар аудару, ісінген (бомбаждалған) болса пайдаланбау;

-Тек арнайы белгіленген орындарда ғана шомылу. Су қоймаларында және бассейндерде шомылған кезде ауызға судың кетпеуін қадағалау;

-Үйді, ауланы таза ұстау. Ауру тасымалдаушысы -шыбындарға қарсы есік-терезелерді торлау, әртүрлі дәрілерді пайдалана отырып, оларды жою;

-Қосымша тамақ берілетін нәрестелерге ас дайындау кезінде олардың аналарымен тиісті ережелердің қатаң сақталып, бала емізіп отырған аналардың өз тамақтану дағдысына мұқият болу;

Жоғарыда аталған жалпыға мәлім қарапайым ережелерді сақтай отырып, өзіңізді, жақындарыңызды және балаларыңызды жұқпалы жіті ішек инфекциясынан қорғай алатыныңызды естен шығармаңыз!

**С.ШУКИРАЛИЕВА,**
**Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы.**

# ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жедел ішек инфекциясы - бірінші кезекте ас қорыту жолын зақымдайтын жұқпалы аурулардың тобы.

Ішек инфекцияның адам ағзасында пайда болуына негізінен



микроағзалардың бактерия, вирус сынды түрлері себеп. Инфекция көзі - науқас адам немесе жіті ішек инфекция қоздырғыштарының тасымалдаушысы.

Микробтар науқастардан және тасымалдаушылардан нәжіс, құсық және зәр арқылы сыртқы ортаға бөлінеді. Жіті ішек инфекцияларын қабылдағыштық өте жоғары болғандықтан, ересек адамдар мен балалар, әсіресе, 1 жастан 7 жасқа дейінгі балалар ауруға жиі шалдығады.

Тамақ, су, тұрмыстық заттар, ойыншықтар аурудың берілу факторлары болып табылады, кейбір инфекцияларды жәндіктер (шыбындар, тарақандар) таратады. Сондай-ақ, антисанитарлық жағдайлар, жеке гигиена ережелерін сақтамау, санитарлық ережелерді сақтамай дайындалған тамақ өнімдерін пайдалану да жіті ішек инфекцияларын жұқтыруға себеп.

**Жіті ішек инфекцияларының алдын алу шаралары:**

Жеке гигиена ережелерін сақтау, тамақ ішердің алдында және дәретханадан шыққаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуу;

Су ішу үшін тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;

Пайдаланудың алдында жеміс пен көкөністі жақсылап жуып, қайнаған сумен шаю;

Тамаққа термиялық өңдеуден өткен өнімдерді пайдалану. Тамақты ұзақ, тіпті тоңазытқыштың өзінде ұзақ сақтамау;

Тез бұзылатын тамақ өнімдерін тек салқын жерде сақтау, жарамдылық мерзімі өткен азық-түлікті пайдаланбау;

Шикі өнімдерді өңдеу үшін жеке ас үй жабдықтарын (пышақ және кесу тақтайлары) қолдану. Шикі өнімдерді дайын өнімдерден бөлек сақтау;

Тек арнайы белгіленген орындарда ғана шомылу. Су қоймаларында және бассейндерде шомылған кезде ауызға судың кетпеуін қадағалау;

Үйді, ауланы таза ұстау.

**Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасы.**

# БАҚША ДАҚЫЛДАРЫ МАУСЫМЫНДА НИТРАТТАРМЕН ЖӘНЕ ПЕСТИЦИДТЕРМЕН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Басқа елдерден импортталатын, сондай-ақ Қазақстан аумағында өсірілген барлық тағамдық жеміс-көкөніс өнімдері сатылымға түскен кезде тауарға ілеспе құжаттармен және оның қауіпсіздігін растайтын құжаттармен (өнімнің сәйкестігі туралы декларация) қоса жүруі тиіс.

Нитраттар - бұл өсімдіктердің қоректік элементтері болып табылатын азот қышқылының тұздары.

Қалай қауіптің алдын алуға болады? Біріншіден, маусымда жергілікті өндірушілердің топырақта өсірілген көкөністерін таңдаған жөн. Екіншіден, тым үлкен емес және жылтыр емес жеміс-көкөністерді таңдау керек, өйткені олар нитраттардың көп мөлшерін жинауға бейім.

Нитрат өнімдерінің белгілері: тәтті дәмнің болмауы және қарбыз немесе қауынның піспеген тұқымдарының болуы, айқын емес дәм мен хош иіс (қияр, қауын), өсімдіктің ортаңғы бөлігінде тамырлы тін, қарбызда сары талшықтардың болуы.

Қауіпсіз бақша өнімдері тек тамыздың аяғында - қыркүйектің басында пайда болады. Осы уақытта алмұрт пен шабдалы да піседі. Қияр, алма, қызанақ пен қырыққабатты шілде айында сатып ала беруге болады.

Пестицидтер мен гербицидтер - бұл арамшөптерді, зиянкестерді, өсімдік қоздырғыштарын жою үшін және өсімдіктердің ылғалдығы мен өсуін реттеуші ретінде қолданылатын заттар. Адам ағзасына көп мөлшерде түскенде, улы әсері болуы мүмкін.

Сыртқы жағынан, пестицидтердің көп мөлшері бар көкөністер мен жемістер әдеттегілерден еш айырмашылығы жоқ, тек зертханалық зерттеулер артық мөлшерді көрсете алады. Мұндайда негізгі сақтық шаралары - оларды ағынды сумен мұқият жуу. Егер жемістер сізге күмән тудырса, оларды аэрозольмен шашыратылған пестицидтердің ең көп мөлшері жиналатын қабықтан тазартқан дұрыс.

Жұқпалы аурулардың және тағамнан уланудың алдын алу және оларды болдырмау мақсатында сатып алынған көкөністер мен жемістерді тұтынар алдында міндетті түрде сумен мұқият шаю керек, ешбір жағдайда сатып алған жерде тұрып жеуге болмайды. Әсіресе, балаларға жуылмаған



жеміс-жидектерді жегізбеу өте маңызды. Қарапайым гигиена қағидаларын сақтамау асқазанның бұзылуына, тіпті ауыр ішек инфекциялары - дизентерияға, А гепатитіне, энтеро және ротавирустық инфекцияларға әкелуі мүмкін!

Бақша өнімдерін «күмәнді» жерлерден емес, тек рұқсат етілген жерлерден сатып алуға қажет. Рұқсат етілмеген жерлерде, табиғи базарларда, қала көшелерінде, автомобиль жолдарының бойында жемістер мен көкөністерді сатып алу дұрыс емес. Өнімді белгіленбеген жерлерде сату - санитариялық нормаларды өрескел бұзу. Өнімді тек сауда үшін арнайы бөлінген жерлерден сатып алу керек. Сондай-ақ, сатушыдан тауардың қауіпсіздігіне көз жеткізу үшін декларацияны көрсетуді сұрау артық болмайды.

**Қ.ОМАРОВА,**
**Сырдария аудандық СЭББ басшы орынбасары.**

# «БЖЗҚ» АҚ-НЫҢ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ҰСЫНҒАН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ 98%-Ы ЦИФРЛЫҚ РЕЖИМДЕ КӨРСЕТІЛДІ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі - БЖЗҚ, Қор) өз салымшыларын қолдау мен ақпараттандыруға бағытталған қызметтердің кең ауқымын ұсынуды белсенді түрде жалғастыруда. 01.01.2025ж. мен 01.05.2025ж. аралығында халыққа шамамен 19,4 млн қызмет көрсетілді. Жыл басынан бері көрсетілген қызметтердің жалпы санының 9,1 млн-нан астамы электрондық форматта, 9,6 млн-нан астамы автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 98,2%-ын құрады. Қор қызметкерлері салымшыларға жүзбе-жүз шамамен 343,0 мың қызмет көрсетті, оның ішінде 334,9 мыңнан астамы тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасының қатысушыларына нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтар да автоматты түрде есептеледі.

Есепті кезең ішінде шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аударуы нәтижесінде ашылатын ШЗШ) және нысаналы жинақтау шоттарын ("Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы аясында ашылатын НЖШ) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 718,1 мыңға жетті.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан шамамен 10,1 млн үзінді көшірме берілді. Оның 8,3 млн астамы – электрондық, ал 1,4 млн астамы автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу – зейнетақы жинақтарыңызды қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты тек БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, сонымен бірге egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтарға өте қолайлы. Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер әлемнің кез-келген нүктесінде 24/7 режимінде қолжетімді. 2025 жылдың қаңтар-сәуір айларында деректемелерді өзгертуге 50,1 мыңнан астам өтініш қабылданып, оның 46,8 мыңнан астамы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 15,8 мыңнан астам көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған шамамен 332,5 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 15,3 мыңнан астам материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 205,4 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалып, Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.**

# ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЖИНАҚТАЛҒАН ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ 11,59 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

2025 жылғы 1 мамырдағы көрсеткіш бойынша 2014 жылдан бастап жинақталған (зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілгеннен кейін) таза инвестициялық табыс 11,59 трлн теңгеге тең. Жүзеге асырылған төлемдерді қоса алғанда қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі жинақталған таза инвестициялық кірістің үлесі 39,8% жетті.

Осылайша, азаматтардың зейнетақы жинақтарының елеулі бөлігі инвестициялық табыс есебінен құралды. Соңғы 10 жылда зейнетақы қаражатын инвестициялау тиімділігінің айтарлықтай өсуі байқалады, бұл салымшылардың (алушылардың) жинақ сомасын едәуір ұлғайтуға мүмкіндік берді. Қазақстандағы зейнетақы жинақтары - азаматтардың зейнетке шығу кезеңіндегі қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған ұзақ мерзімді инвестициялаудың стратегиялық құралы. Икемді инвестициялық саясат пен активтерді әртараптандырудың арқасында еліміздің зейнетақы жүйесі ұзақ мерзімді тұрақты өсім көрсетіп, инфляциялық тәуекелдерден қорғана алатынын паш етті.

Зейнетақы активтерінің қысқа мерзімді жеке кезеңдердегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды. Өйткені қаржы құралдары мен басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі қысқа мерзімде есептелген кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдарының өзгеруін әрдайым жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды кем дегенде бір жылдық көрсеткіші бойынша жасаған жөн. Үнемі өзгеріп отыратын экономикалық орта жағдайында міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті жарналар есебінен қалыптастырылып, ҚРҰБ басқаратын, соңғы 12 айда салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген зейнетақы активтерінің табыстылығы 2025 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 13,35% құрады. Бұл кезеңдегі инфляция мөлшері - 10,70%. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен сол кезеңдегі зейнетақы активтерінің кірістілігі 9,03% көрсетті. Орта және ұзақ мерзімді келешекте зейнетақы жинақтарының оң нақты (жинақталған инфляциядан асатын) табыстылығы қамтамасыз етіледі. Мәселен, 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 мамырға дейін жинақталған инвестициялық кірістілік 968,60% болды, ал бүкіл кезеңдегі инфляция 875,10%.

Сондай-ақ, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік берілетінін еске саламыз. Салымшының төлемге құқығы басталған кезде жинақталған кірістілігіне кері әсерін тигізген жекелеген кезеңдердегі кірістіліктің төмендеуі жағдайында айырманың өтемақысына мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алу жүйесі толықтай ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.**

***

"Чекті талап етіңіз, жүлдені ұтып алыңыз" акциясы қайтадан іске қосылды! Тек екі шарты бар: «Amian» қосымшасын және берілген күні 24 сағаттан аспайтын кез-келген фискалдық чекті қосымшаға жүктесеңіз болды, сіз науқанға қатысушы болып шыға келесіз! Күн сайын 5 мың теңгеден 10 мың теңгеге дейін ұтыс ойыны қарастырылған. Бұнымен қоса, тоқсанына бір мәрте Қазақстанның әр облысында қосымшаға жүктелген фискалдық чектер саны бойынша көшбасшы айқындалатын болады. Ол 100 мың теңге көлемінде сыйақы алады. Күн сайын чекті талап етіңіз және нақты ақшаны, нақты ақшаны ұтып алыңыз!

**Қызылорда облысы бойынша**
**Мемлекеттік кірістер Департаменті.**

***

Акция "Требуй чек, выиграй приз" снова работает! Всего два условия: приложение «Amian» и любой фискальный чек с датой выдачи не более 24 часов загруженный в приложение и всё вы уже участник акции. Каждый день розыгрыш от 5 до 10 тысяч тенге. И это еще не всё, раз в квартал в каждой области Казахстана будет определен лидер по количеству фискальных чеков, загруженных в приложение. Он получит вознаграждение в размере 100 тысяч тенге. Требуй чек каждый день и выигрывай реальные деньги, реальные деньги!

**Департамент государственных доходов**
**по Кызылординской области.**

# КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Конго - Қырым геморрагиялық қызбасы (ККГҚ) - бұл вирус қоздырғышынан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру, науқас дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда, өлім жағдайына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Конго - Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының негізгі клиникалық көріністері:инкубациялық кезең(ауру қоздырғышын жұқтырғаннан - аурудың алғашқы белгілерінің пайда болуына дейінгі мерзім) 1-14 күнге дейін созылады, бұл кезеңнің ұзақтығы вирусты жұқтыру жолына байланысты болады.

Аурудың алғашқы белгілері дене қызуының кенеттен 39-40'с дейін көтерілуімен, қатты бас ауыруымен, көздің қызаруы, бет, мойын және дененің жоғарғы бөлігінің қан кернеуімен және мойын, арқа, белдің ауыруымен, локсу немесе құсу, іш ауыруы немесе өтуі, ал ауру одан әрі дамыған жағдайда денеде бөртпелердің пайда болуы, мұрыннан, қызыл иектен, жатырдан, асқазаннан қан кету белгілері, ине енгізу орындарында қанталау (гематомалар) белгілерінің байқалуымен сипатталады.



**Конго – Қырым геморрагиялық қызбасы қалай жұғады!?**

Негізгі жұқтырушы және ауру қоздырғыштарын тасымалдаушы кене, сонымен қатар жабайы және үй жануарларының ағзасында да ауру қоздырғыштары болады. Адамның ауруды жұқтыруы жұқпаланған кенемен қатынаста немесе кене шаққан жағдайларда және қанында вирусы бар жануарларды сою кезінде, сондай-ақ науқас адамға күтім жасау кезінде немесе мәйіттің қанымен, сұйықтығымен және ағза бөлінділерімен ластанған медициналық құралдар арқылы жанама байланыс арқылы жұғуы мүмкін.

**Конго - Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын алу:**

Аурудың алдын алу үшін табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қора-жайлар мен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру.

Табиғи ошақтарда орналасқан тұрғындар малдарды күтіп қарағанда және қырқым кезінде кенелердің шабуылынан және кене қанымен жанасты болдырмау мақсатында жеке қорғану үшін арнайы киім кию қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған аяқ және бас киім, резіңке колғап).

Табиғатқа демалысқа шыққанда кененің жабысқаны көрінетін ашық түсті жақсы қорғалған резеңкелі манжетті жеңі ұзын көйлек кию қажет. Денеге кененің жабысқанын тексеру үшін өзіңіз және өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш бөлігі, дененің артқы жағы т.б.) бір – біріңіздің үстеріңізді мұқият қарап отыру қажет. Дененің ашық жерлеріне және киімге кенелердің шабуылынан қорғайтын немесе оны өлтіретін арнайы сақтану құралдарын қолдану қажет.

Кене шаққанда немесе кенемен жанаста болу арқылы аса қауіпті инфекцияны жұқтыру мүмкін болғандықтан, өзіңізді және өз жанұяңызды қорғау үшін міндетті түрде жеке басты қорғау, сақтану құралдарын пайдаланыңыз!

Кене шаққан немесе кенемен жанаста болған жағдайларда міндетті түрде медициналық ұйымға қаралуыңыз және 14 күн медициналық бақылауда болуыңыз қажет.

**Үстіңізден кене тапқан жағдайда не істеу керек?**

Денеге қонған кене бірден қадалмайды, сондықтан оны уақытылы алып тастау ауру жұқтырудың алдын алуы мүмкін.

Кенені алып тастаудың қауіпсіз әдістемесін естен шығармаңыздар:

Кенені жалаңаш қолмен ұстамаңыздар, өйткені жұқпалы ауру агенті шырышты қабықтар немесе терідегі зақымданған жерлер арқылы енуі мүмкін. Осындай сақтық әсіресе кенелерді үй жануарларынан алып тастайтын адамдар үшін қажет. Ұшы өткір пинцетті пайдаланыңыз немесе саусақтарыңызды резеңке қолғаптармен немесе қолғап болмаса, матамен қорғаңыздар. Кәдімгі пинцетпен оны теріге мүмкіндігінше жақындата отырып, онымен кенені іліп алу қажет. Пинцетті қатты қыспай (кенені мыжып тастамау үшін) шайқалтпай, ақырын және жұлқыламай абайлап тарту керек, өйткені бұндай жағдай кененің ауыз бөлігінің бөлініп теріде қалып қоюына әкелуі мүмкін. Егер олай болса, ауыз бөлігін пинцетпен іліп, тартып шығару керек.

Кенені тартып алғаннан кейін шаққан жерді спиртпен, йодпен өңдеңіз және қолыңызды сабындап жуыңыз. Кененің денесін мыжғылап бұзбаңыз, өйткені ішінде және сұйықтығында патогендер болуы мүмкін.

Кенеге ацетон, керосин, май және басқа да сұйық құюға, сондай – ақ оны теріден бөлу үшін кенені ысытуға мүлдем болмайды.

Сіздің міндетіңіз - оның өзі түсіп қалуын күтпей, кенені мүмкіндігінше тез алып тастау. Ауру жұқтыру қауіпін азайту үшін уақыттың маңызы зор екендігін ұмытпауымыз қажет.

«Сақтанайық, сақ болайық, жақынымызды сақтайық!»

**А.ИДРИСОВА,**
**Қармақшы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының басшысы.**

# ҚҰТЫРМА АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ



Құтыру ауруы - орталық жүйке жүйесінің зақымдалуымен, жұтқыншақ пен тыныс алу бұлшықеттерінің тартылуымен бірге жүретін жұқпалы ауру.

Жабайы жануарлар құтыру ауруымен - қасқыр, түлкі, борсық, аю, тиін және басқалар жиі ауырады. Олардан үй жануарлары мен адамдар тістеу,тырнау, сілекеймен жұқтырады.

Адамдар арасында құтыру әдетте үй жануарлары арқылы таралады. Әсіресе, қаңғыбас иттер мен мысықтар қауіпті. Үй жануарлары бір -бірінен және жабайы жануарлардан жұқтырылуы мүмкін.

Жануарлардың құтыру белгілері өте алуан түрлі. Тән белгілері - сілекей ағу, гидрофобия, агрессивтілік, паралич, бірақ кейде олар болмауы да мүмкін.

Ит ашуланшақ болады, тамақ пен судан бас тартады, иесі шақырса келмейді, иесіне бағынбайды. Оның құйрығы мен төменгі иегі салбырап, сілекей көп бөлініп, жүрістің тұрақсыздығы пайда болады. Жануар үндемей, үрмей, келе жатқан адамдарды ұрып - соғып, тістей алады.

Құтырудың ең қауіпті түрі - тыныштық. Аурудың негізгі белгілері жеңіл болуы мүмкін. Ол кеш танылды және ешқандай сақтық шаралары қолданылмайды.

Адамға мынадай жағдайларда жұғуы мүмкін: Ауру жануар тістегенде, вирус сілекейімен бірге жараға енеді. Егер сілекей көздің, мұрынның, ауыздың, зақымдалған терінің шырышты қабығына түссе, жануарлар тістеп, тырнап, сілекейлегенде мына шараларды орындау қажет: Жараны көп мөлшерде ағынды сумен және сабынмен жуыңыз. Йод тұнбасын жараға тамызыңыз. Стерильді бинтпен ораңыз. Дереу медициналық мекемеге барыңыз.

**Құтыру ауруын алдын алу және қорғану шаралары.**

Иттерді, мысықтарды және басқа жануарларды ұстау ережелерін қатаң сақтаңыз және жыл сайын құтыруға қарсы вакцинацияланыңыз.

Жабайы және қаңғыбас үй жануарларымен жанасудан аулақ болыңыз; тек құтырумен ғана емес, басқа да қауіпті аурулармен ауырмау үшін балаларға осыны түсіндіріңіз.

Жануарлардың ерекше мінез -құлқында немесе үй жануарларының агрессивті мінез - құлқында сақ болыңыз және бұл туралы санитарлық қызметке хабарлаңыз. Ветеринарлық емдеу ұйымы адамдарды немесе жануарларды тістеген жануарды 10 күн ішінде оқшауланған бөлмеде ұстау туралы жазбаша міндеттемені жануардың иесіне қалдырады және оны бақылайды.

Кез келген жануар тістеген жағдайда дереу дәрігерге қаралыңыз.

Құтыруға қарсы вакцинация - бұл қауіпті аурудың алдын алудың жалғыз әдісі. Вакцинация курсы оларды дәрігердің тағайындамасына сәйкес және белгілі бір схемаға сәйкес уақытылы жүргізуді көздейді. Ешқандай жағдайда вакцинацияда рұқсат етілмеген үзілістер, курсты тоқтату немесе қысқарту болмайды, әйтпесе вакцинация тиімсіз болады.

**Г.С.АЙМБЕТОВА,**
**Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқарма басшысы.**

# АУЫЗ СУ



Су - табиғаттағы ерекше зат. Ол өсімдіктер мен жануарларды нәрмен толықтырады, адам да 70% судан тұрады. Табиғи сулардың құрамы мен қасиеттері халықтың денсаулығына тікелей және жанама әсер етуі мүмкін.

Ауыз суды гигиеналық бағалау кезінде оның тұз құрамының адам ағзасына әсері ескеріледі. Минералданған суларды ұзақ уақыт пайдалану су - тұз балансына, ас қорыту жүйесінің функционалды қызметіне, организмнің даму қызметіне және басқа физиологиялық процестердің бұзылуына теріс әсер етуі мүмкін.

Минералданбаған суды ұзақ уақыт пайдалану ағзаның физиологиялық функцияларының бұзылуына әкеп соғады, асқазан сөлінің секрециясы мен оның қышқылдығының жоғарылауы, асқазан-ішек жолындағы судың сіңу процестерінің өзгеруі, ішектің шырышты қабығының бұзылуы. Минералданбаған суларды ұзақ уақыт тұтынған кезде қандағы кальций, фосфор, сілтілі фосфатазаның төмендеуі дамиды.

Жер бетіндегі химиялық ластанумен ластану қауіпі бар сумен жабдықтау көздері олар ашық су айдындары (өзендер, көлдер) болуы мүмкін.

Су жұқпалы және паразиттік ауруларды тудыратын көптеген микроорганизмдердің, бактериялардың, гельминттердің көбеюі мен дамуы үшін қолайлы орта бола алады. Судың микробтармен ластануы көптеген жолдармен жүреді. Олардың ішіндегі ең көп тарағаны - ағынды сулардың ластануы- адамдардан қалған қалдықтар. Жануарлар шикізатын өңдейтін өнеркәсіптік кәсіпорындардан кәріз ағындары ерекше қауіп төндіреді.

Сонымен қатар, ластану нөсер жаңбыр мен қардың еруі кезінде жер үсті суларымен, сондай-ақ жер асты суларымен болуы мүмкін. Микробтармен ластанған су жұқпалы аурулардың таралу факторына айналады және ең қауіпті болып саналады.

Су арқылы берілетін аурулар тобы өте кең. Мұның бәрі ішек аурулары: дизентерия, гепатит, энтероколит, тырысқақ, іш сүзегі, паратифтер, сонымен қатар көптеген гельминтоздар, полиомиелит, туляремияның кейбір түрлері.

Су бірқатар тері аурулары мен шырышты қабаттардың қоздырғыштарының берілу факторы болуы мүмкін. Жұқпалы аурулардың қоздырғыштары Судан адам ағзасына әртүрлі жолдармен, бірақ көбінесе ауыз арқылы, сондай-ақ зақымдалған тері мен шырышты қабаттармен енеді. Судың адам өміріне қауіпсіз болуы шарт және су арқылы берілетін сырқаттанушылықтың алдын алу үшін басқарма тарапынан тұрғындар тұтынатын ауыз сапасына жыл бойына мониторингтеу жұмысы жүргізіледі.

Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізудің мақсаты адам денсаулығына тіршілік ету ортасы факторларының (химиялық, физикалық, биологиялық, әлеуметтік) әсер етуі туралы дәйекті ақпарат алу, уланулардың пайда болуының және инфекциялық аурулардың, кәсіптік аурулардың өршуінің алдын алу бойынша орындалатын іс-шаралардың тиімділігін бағалау, олардың пайда болуын болжау мүмкіндігі болып табылады.

**Қ.ОМАРОВА,**
**Сырдария аудандық СЭББ басшы орынбасары.**



# ВСТРЕЧА НА ПОЛЯХ 62-Й СЕССИИ ВСПОМОГАТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ ООН ПО ВОПРОСАМ КЛИМАТА

На полях 62-й сессии Вспомогательных органов ООН по вопросам климата (SB62) прошла встреча Вице-министра экологии и природных ресурсов РК М. Ошурбаева с Заместителем исполнительного секретаря Рамочной конвенции ООН об изменении климата г-жой Нура Хамладжи.

На встрече обсуждены вопросы реализации обязательств по Парижскому соглашению, а также перспективы сотрудничества.

**По материалам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, www.gov.kz.**

# САРЫП АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ

Сарып (бруцеллез) - адамдар мен малдар арасында кездесетін жұқпалы ауру. Сарыпқа барлық үй жануарлары шалдығады, соның ішінде қойлар, ешкілер, ірі қара малы, шошқалар . Бруцеллезге шалдыққан малда жиі кездесетін белгілері - мал түсік тастайды немесе өлі туады.

Ауру мал түсік тастағанда, төлдеу кезінде адамдарға өте қауіпті болады, өйткені бруцеллез тудыратын микробтар малдың сүті, нәжісі арқылы сыртқы ортаға көптеп шығады. Осылармен қатар малдың терісі, жүні, тезегі, мал-қораның маңайы, ондағы құрал-саймандар, топырақ ластанады, ал бруцелла микробтары топырақта, қида, жемде , суда 4 айға дейін өмір сүріп, өзінің ауру қоздырғыштық қасиетін толықтай сақтай алады.

Адамдар сарып ауруын ауру малдың сүті және сол сүттен дайындалған,термикалық өңделмеген тағамдарды тұтыну кезінде жұқтырады. Атап айтқанда аурудың қоздырғыштары шикі етте 3 ай, тұздалған етте 1ай қайнатылмаған сүтте 40күн, ірімшікте 60 күн сақталады, ал жоғары температураға төзімсіз, 90-100 градусқа қайнатқанда сол бойы өліп қалады.

Адамдарда бруцеллездің алғашқы белгілері зақымдағаннан кейін 1-2 аптада, кей кездері 1 айдан кейін біліне бастайды.

САРЫП АУРУЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ: бас ауру, әлсіздік, ұзақ уақыт бойы дене қызуының көтерілуі, қалтырап тоңу, денесінің түршігуі, түнге қарай қатты терлеу. Бірнеше апта өткен соң буындары ісініп, ауыра бастайды, әсіресе тізесі мен шынтақ буындары ісініп, ауырады.

Ауруға шалдыққан адам дер кезінде дәрігерге көрініп, ем қабылдаған жағдайда, науқасынан айығады. Ауру асқынған кезде нерв жүйесі зақымданып, тірек-қозғалыс және қан-тамыр жүйесінің қызметі бұзылуы мүмкін.

Сарыптың алдын алу жолдары:

Сарып ауруынан адамдарды қорғау үшін ең алдымен үй жануарларының бруцеллезбен ауруына жол бермеу қажет. Мал түсік тастағанда міндетті түрде ветеринарлық дәрігерге хабарлап, тез арада бөлек орынға оқшаулаған жөн. Өлген төлдің қалдықтарын мұқият жинап, арнайы



мамандардың келуін күту керек.

Жаңадан туылған төлді үйге кіргізуге болмайды, олардың ішінде бруцеллез мал болса, адамдардың, оның ішінде балалардың ауруды жұқтырып алу қауіпі жоғары. Үй жануарларына қарайтын адам арнайы киім, етік, қолына қолғап кию керек, үйге сырт киіммен кіруге болмайды. Үй жануарлары тұратын қора жайды тамақ ішуге, шылым шегуге және демалу орны ретінде қолдануға болмайды.

Мал сатып аларда ветеринарлық дәрігерден арнайы анықтама талап ету қажет.Көше бойында, аула ішінде сатып тұрған сүт және сүт өнімдерін, ет сатып алуға болмайды. Мал өнімдерін сапасына кепілдігі бар, ветеринарлық-санитарлық бақылаудан өткен арнайы сауда орындарынан алған жөн.

**Г.ЖҰБАНДЫҚОВА,**
**Қазалы аудандық СЭББ бөлім басшысы.**

# ТЕМЕКІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА ТИГІЗЕР ЗИЯНДЫ ӘСЕРІ МОЛ



Темекінің адам ағзасына зияны өте жоғары. Темекі шегу-адам ағзасында көптеген аурулардың дамуының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Қазіргі қоғамда темекі шегу еркектердің, әйелдердің, сонымен қатар балалардың да күнделікті әдетіне айналып кетті. Темекі түтіннің құрамы бірнеше жүздеген заттардан тұрады.Оның ішінде өте улы никотин, көмірдегі тотығы, аммиак, фенол, түрлі қышқылдар, қорғасын, мышьяк, сынап, радиоактивті элементтер құрамында канцерогенді бензопирен бар. Осы аталған заттардың кез келгені адам ағзасына зиянын тигізбей қоймайды. Никотин-ұйқының бұзылуына, иіс және дәм сезімінің төмендеуіне, тістің қараюына және жағымсыз иістің пайда болуына ықпал етеді. Ең улысы-никотин, оның уы ағзаға еніп, әуелі тітіркендіреді, одан соң жүйке жүйесіне әсер етеді, қан тамырлары тарылып, сілемейлі қабаты зақымданады. Темекі шегудің теріс салдарға әкеп соғатын себептері: Тіл мен ерін сілемейлі қабаттарын зақымдайды; құрғақ жөтелдің болуы; ауыз қуысынан жағымсыз иістің шығуы; ауыз қуысының инфекциясы; иіс сезу қабілетінің нашарлауы; бет, жүзді уақытынан бұрын әжім басуы; тістердің сарғаюы; қалыпты тыныс алудың бұзылуы; түрлі ауруларға ағзаның қарсы тұру қабілетінің төмендеуі.

Темекі шегу денсаулыққа зиян. Оны тастау өз қолында!

**М.ЕРІМБЕТОВА,**
**Сырдария аудандық СЭББ жетекші маманы.**

# ҚАУІПСІЗ ОЙЫНШЫҚТАРДЫ БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!



Бала тіршілігінде де, тәрбие процесінде де ойыншықтардың маңызы өте зор. Ойыншықтар арқылы өзін қоршаған ортамен танысады, баланың көңіл- күйі көтеріледі. Ойыншықтарды тәрбиелік құрал ретінде пайдалану балалардың жас ерешеліктеріне негізделеді. Балалар ойыны мен ойыншықтарына олардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бірқатар талаптар қойылады, өйткені ойыншық оны қолданған кезде баланың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтіндей болып жасалуы қажет.

Қазақстанда балалар ойындары мен ойыншықтарының сапасы мен қауіпсіздігі Кедендік одақ Комиссиясымен бекітілген «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» Кедендік одақтың техникалық регламентімен реттеледі.

Ойыншықтарға қойылатын санитарлық ережелердің негізгі талаптары төмендегідей болып келеді:

Нарыққа шығарылатын ойыншықтар Кеден Одағының техникалық регламентіне сәйкес болуы қажет .

Нарыққа шығарылар алдында ойыншықтар гигиеналық қауіпсіздігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық және токсикологиялық сараптамадан өткізілуі керек.

Нарыққа шығарылатын ойыншықтарда қауіпсіздігін растайтын сапалық сертификаты болуы қажет.

Ойыншықтар санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға және Кеден Одағының техникалық регламентіне сәйкес келмеген жағдайда оларды шығаруға, сатуға тиым салынады.

Ауызға тигізетін ойыншықтарды дүкеншілердің тексеріп беруіне тиым салынады. Ол үшін ауамен үрленетін арнаулы қондырғы болуы керек немесе сатушыда міндетті түрде көрсететін үлгі болуы керек

Ойыншықтың жиектері, өткір ұштары, қатты бөлшектері, бекітуші бөлшектері, саңылаулары, бұрыштары, баулары, арқандары мен бекіткіштері балаға зақым келтіру қауіпін тудырмау керек.

Сонымен қатар ойыншықты таңдау кезінде сатып алушы мұқият болуы тиіс ақпарат:

Ең бастысы, ойыншық таңдау кезінде танымал өндіруші-фирмаларға жүгініңіз.

Екіншіден, ойыншықтарды кездейсоқ базарлардан емес, ойыншық сататын арнайы нүктелерден алу керек

Ойыншық таңдау кезінде оның иісіне жете мән беру керек, бұл арқылы оның сапасын жанама түрде білуге болады. Ойыншықтарда өткір, жағымсыз, бөтен иіс болмау керек.

Балаларға арналған ойыншықтарды таңдау және сатып алу кезінде ойыншықтың сапасына және анықтамасына аса назар аударыңыздар!

**А.ИДРИСОВА,**
**Қармақшы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының басшысы.**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Кез келген өркениетті ел үшін сыбайлас жемқорлықпен күресу өзекті мәселе болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің ішіне іріткі салудың бастамасы, және де жетістіктерді жоққа шығаратыны күмәнсіз. Сыбайлас жемқорлықпен күресу және оны жеңу бүгінгі күні республикадағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз лауазымды адамның қызмет дәрежесін пайдаланып, басқаға қамқорлық немесе келешекте қызмет көрсетуі үшін, өзі немесе делдал арқылы материалдық құндылықты немесе мүліктік пайданы жүйелі түрде алуы.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор.

Қызылорда қалалық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау Басқармасында тұрақты түрде мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында құқық қорғау органдары мен ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл агенттігінің өкілдерімен бірлесе құқықтық семинарлар өткізіліп тұрады. Жүргізілетін іс-шараларды тиімді ету мақсатында жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады, сондай-ақ тұрақты түрде сенім телефондары жұмыс істейді.

**Д. КУТЫБАЕВА,**
**Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының жетекші маманы.**

# О БЕЗОПАСНОСТИ ЗЕРНА



Технический регламент Таможенного союза 015/2011 «О безопасности зерна» устанавливает обязательные для применения и исполнения на единой таможенной территории Таможенного союза требования к зерну и связанные с ними требования к процессам производства, хранения, перевозки, реализации и утилизации зерна, в целях защиты жизни и здоровья человека, а также предупреждения действий, вводящих в заблуждение потребителей зерна. Идентификация зерна осуществляется на основании информации, указанной в товаросопроводительных документах, по маркировке, визуальному осмотру ботанических признаков зерна, характерных для данного вида культуры. В случае если зерно невозможно идентифицировать на основании информации, указанной в товаросопроводительных документах, по маркировке, визуальному осмотру, идентификацию проводят аналитическим методом - путем проверки соответствия физико-химических показателей зерна в соответствии со стандартами, указанными в техническом регламенте Таможенного союза.

Зерно, поставляемое на пищевые и кормовые цели, выпускается в обращение на единой таможенной территории Таможенного союза при условии, что оно прошло необходимые процедуры оценки (подтверждения) соответствия, установленные техническим регламентом Таможенного союза 015/2011, а также другими техническими регламентами Таможенного союза, действие которых распространяется на зерно. Показатели токсичных элементов, микотоксинов, бенз(а)пирена, пестицидов, радионуклидов, зараженности вредителями и вредных примесей в зерне, поставляемом на пищевые цели, не должны превышать предельно допустимых уровней.

Хранение зерна осуществляется в зернохранилищах, обеспечивающих безопасность зерна и сохранность его потребительских свойств, при соблюдении требований к процессам хранения зерна. В зернохранилищах не допускается хранить совместно с зерном токсичные, горючие химические вещества, горюче-смазочные материалы и нефтепродукты, а также пищевую продукцию иного вида и непищевую продукцию в случае если это может привести к загрязнению зерна. В зернохранилище в течение всего периода хранения зерна должна быть организована проверка условий его хранения (влажность, температура), а также показателей зараженности вредителями, цвета зерна и наличия постороннего запаха.

Зерно, выпускаемое в обращение на единую таможенную территорию Таможенного союза, поставляемое на пищевые и кормовые цели (кроме зерна, направляемое на хранение и (или) обработку на территории страны-производителя), подлежит подтверждению соответствия в форме декларирования соответствия. С целью контроля соответствия зерна требованиям настоящего технического регламента заявитель проводит испытания образцов зерна. Испытания образцов зерна проводятся по выбору заявителя в испытательной лаборатории или аккредитованной испытательной лаборатории. Заявитель предпринимает все необходимые меры по обеспечению стабильности функционирования системы менеджмента и условий производства зерна формирует техническую документацию и проводит ее анализ. Заявитель оформляет декларацию о соответствии и регистрирует ее по уведомительному принципу в установленном Комиссией Таможенного союза порядке.

Зерно маркируется единым знаком обращения продукции на рынке государств - членов Таможенного союза при его соответствии требованиям технического регламента ТС 015/2011, а также других технических регламентов Таможенного союза, действие которых на него распространяется. Единый знак обращения продукции на рынке государств - членов Таможенного союза наносится любым способом, обеспечивающим четкое и ясное изображение в течение всего срока годности зерна. Маркировка единым знаком обращения продукции на рынке государств - членов Таможенного союза осуществляется заявителем перед выпуском зерна в обращение на единую таможенную территорию Таможенного союза.

Маркировка зерна, упакованного в потребительскую упаковку, должна наноситься на потребительскую упаковку и (или) на этикетку, и (или) контрэтикетку, и (или) на листок-вкладыш, помещаемый в каждую упаковочную единицу либо прилагаемый к каждой упаковочной единице. Информация для потребителя, указанная на маркировке, должна быть понятной, легко читаемой, достоверной и не вводить его в заблуждение. Надписи, знаки, символы должны быть контрастными фону, на который нанесена маркировка. Маркировка упакованной пищевой продукции должна быть нанесена на русском языке и на государственном языке. В маркировке должны быть указаны сведения согласно требованиям технического регламента Таможенного союза 022/2011 «Пищевая продукция в части ее маркировки», а также могут быть указаны дополнительные сведения, не противоречащие требованиям технического регламента Таможенного союза.

**Н.ТҰРЛЫБЕК,**
**Ведущий специалист отдела контроля за соблюдением требований технических регламентов Кызылординского городского управления санитарно-эпидемиологического контроля.**

# ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ МҮЛКІМЕН МӘМІЛЕ ЖАСАУҒА КЕЛІСІМ БЕРУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен (бұдан әрі - Қағида) табиғи монополия субъектісінің жекелеген іс-қимылдар жасауына келісім беру тәртібі бекітілген.

Аталған Қағидаға сәйкес, табиғи монополия субъектісінің мүлкіне қатысты өзге мәмілелер жасасуға келісім беру бойынша мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 10 жұмыс күнін құрайды.

Табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге:

1) Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша уәкілетті органның келісімін алу туралы өтінішхатты;

2) иеліктен шығарылатын объектілер бөлінісінде иеліктен шығарылатын мүліктің атауын, типін, түрін, түгендеу нөмірін, бастапқы, қалдық құнын көрсете отырып, табиғи монополия субъектісінің басшысы қол қойған, ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланстан үзінді-растаудың электрондық көшірмесін ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының порталдағы «жеке кабинетіне» өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда және жүргізілген есептеулер негізінде 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің тиісті саласының құрылымдық бөлімшесі тиісті қорытынды ұсынады, оның қорытындысы бойынша жауапты құрылымдық бөлімше 1 (бір) жұмыс күні ішінде, егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа есепке алынған мүліктің баланстық құны ағымдағы күнтізбелік жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 процентінен асатын болса, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға келісім беру туралы не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы электрондық құжат нысанында шешім қабылдайды.

Мыналар:

тарифтің артуы; тұтынушылармен шарттардың бұзылуы; тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келуі; реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынудың үздіксіз байланысты технологиялық жүйесінің бұзылуы немесе реттеліп көрсетілетін қызмет сапасының төмендеуі; көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы; көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларға сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған, заңды күшіне енген сот шешімінің болуы мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

**ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті.**

***

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті 2025 жылғы 3 сәуір мен 31 желтоқсан аралығында "Чекті талап ет - жүлдені ұтып ал!" республикалық акциясы өтіп жатқандығын хабарлайды, онда әрбір азамат ақшалай және басқа да бағалы сыйлықтардың иегері болуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, 2025 жылдың 1 мамырынан 31 желтоқсанына дейін "бәйге" акциясы басталды, оның қорытындысы бойынша облыстың ең белсенді қатысушысы тоқсан сайын 100 мың теңге ала алады. Акцияларға қатысу үшін Appstore немесе Playmarket-тен "Amian" тегін мобильді қосымшасын жүктеп алып, тауарлар мен қызметтер үшін фискалдық чектерді тіркеу қажет. Қатысыңыз және пайдамен жеңіңіз!

**Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті.**

***

Департамент государственных доходов по Кызылординской области сообщает, что с 3 апреля по 31 декабря 2025 года проводится республиканская акция «Требуй чек - выиграй приз!», где каждый гражданин получает шанс стать обладателем денежных и других ценных призов. А также, с 1 мая по 31 декабря 2025 года стартовала акция «Байге», по итогам которой самый активный участник области может получить 100 тысяч тенге ежеквартально. Для участия в акциях необходимо скачать бесплатное мобильное приложение «Amian» из Appstore или Playmarket и регистрировать в нем фискальные чеки за товары и услуги. Участвуйте и выигрывайте с пользой!

**Департамент государственных доходов по Кызылординской области.**

# ХАБАРЛАНДЫРУЛАР ● ОБЪЯВЛЕНИЯ

***

«Кристалл Менеджмент» АҚ 28.07.2025 жылы сағат 15:30 Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш а.о., Жалағаш а., Желтоқсан к-сі, 7 мекенжайы бойынша Мәдениет үйі ғимаратында, «2025 жылға арналған Қаракөл кен орнын (ПЭК, ПУО, ППМ) игеру кезеңіне шығарындылар көздері үшін атмосфераға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету. «Қаракөл м/р электр энергиясын өндіру үшін қосымша газ поршенді қондырғыларды орнату» жұмыс жобасына ҚОҚБ» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Әсер ету аймағы Қызылорда облысы Жалағаш ауданы. Географиялық координаты ш.е. 611853,5 с.б. 5166917,5.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ndbecology.gov.kz/ және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар порталда https://ndbecology.gov.kz/ қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ электрондық пошта арқылы prd@korda.gov.kz.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда , қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:
https://us05web.zoom.us/j/3715387210?pwd=4CD6ol38bhEBh9DZbyGTi6aX885lN6.1&omn=81044963778
Идентификатор конференции: 371 538 7210. Код доступа: NX9ue3

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша Тауке хан көшесі 3, байланыс тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru арқылы алуға болады.
Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Кристалл Менеджмент» АҚ Алматы қ, Чайковский көшесі, 95.
Тел: +77013621320. БИН 071240002008. Эл.адрес: A.INOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ
Жобаны дайындаушы: «АртНефтьСтройПроект» ЖШС, Қызылорда қаласы, Тәуке хан көшесі, 3.
БСН 050140000140. Тел: 8-777-177-79-94; Эл.мекен-жайы: ansp@bk.ru.

***

АО "Кристалл Менеджмент", сообщает что 28.07.2025 года 15:30 часов по адресу Кызылординская область, Жалагашский район, Жалагашский с.о., с.Жалагаш, ул.Желтоксан 7, в здании Дома культуры, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по «Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу для источников выбросов на период разработки месторождения Караколь (ПЭК, ПУО, ППМ) на 2025год. РООС на рабочий проект «Установка дополнительных газопоршневых установок для выработки электроэнергии на м/р Караколь»».

Территория воздействия Кызылординская область Жалагашский район. Географические координаты в.д. 611853,5 с.д. 5166917,5. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ndbecology.gov.kz/, а также сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на портале https://ndbecology.gov.kz/ , а также на эл. адрес prd@korda.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка: https://us05web.zoom.us/j/3715387210?pwd=4CD6ol38bhEBh9DZbyGTi6aX885lN6.1&omn=81044963778
Идентификатор конференции: 371 538 7210. Код доступа: NX9ue3
Дополнительную информацию можно получить по адресу г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3,
тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru
Инициатор намечаемой деятельности: АО «Кристалл Менеджмент», г. Алматы, ул. Чайковского, 95.
Тел: +77013621320. БИН 071240002008. Эл.адрес: A.INOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ
Разработчик проекта: ТОО «АртНефтьСтройПроект», г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3. БИН 050140000140.
Тел: 8-777-177-79-94; Эл.адрес: ansp@bk.ru.

***

«Кристалл Менеджмент» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 30.07.2025 ж. 10:30-да Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш а.о., Желтоқсан к-сі, 7 (мәдениет үйі ғимаратында) 01.01-30.10.2026 жыл аралығындағы кезеңге арналған "Кристалл Менеджмент" АҚ Бестөбе кен орны үшін атмосфераға жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының 1 тарау 8 тармағына сәйкес ұсыныстар мен ескертулерді жергілікті атқарушы орган қабылдайды: a.koszhanova@korda.gov.kz ақпараттық жүйе: https://ndbecology.gov.kz/
ZoomКонференция: https://us04web.zoom.us/j/72214434123?pwd=cdYuuoQcaJn79lDflxXG0o9UoUEox5.1
Конференция идентификаторы: 722 1443 4123 Кіру коды: bzv1Cn

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу Басқармасы: prd@korda.gov.kz, a.koszhanova@korda.gov.kz Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел: 8-(7242)-60 -53-62.
Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Кристалл Менеджмент» АҚ, Алматы к-сы, Чайковский к-сі, 95.
БИН 071240002008. Тел: +77013621320, e-mail: A.INOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ
Жобаны жасақтаушы: «ЭКО-ОРДА» ЖК. ҚР, 120000, Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы, №20 үй, кв.39
Тел. +7777 785 13 46, e-mail: ecoorda@bk.ru

***

АО «Кристалл Менеджмент» в соответствии с требованиями ст.96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 30.07.2025 года в 10:30 по адресу Кызылординская область, Жалагашский район, Жалагашский с.о., ул. Желтоксан 7 (здание дом культуры), состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) в атмосферу для месторождения Бестобе АО «Кристалл Менеджмент» на период с 01.01 по 30.10.2026 года, ПЭК, ПУО,ППМ

Согласно прил.1 п.8 правил проведения общественных слушаний предложения и замечания принимает местный исполнительный орган: a.koszhanova@korda.gov.kz и информационная система: https://ndbecology.gov.kz/
ZoomКонференция: https://us04web.zoom.us/j/72214434123?pwd=cdYuuoQcaJn79lDflxXG0o9UoUEox5.1
Идентификатор конференции: 722 1443 4123 Код доступа: bzv1Cn
Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа:
Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, a.koszhanova@korda.gov.kz г. Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62.
Инициатор намечаемой деятельности: АО «Кристалл Менеджмент», г. Алматы, ул. Чайковского, 95.
БИН 071240002008. Тел: +77013621320, e-mail: A.INOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ
Разработчик: ИП «ЭКО-ОРДА». РК, 120000, город Кызылорда, мкр-н. Сырдария, дом №20, кв. 39
Тел. +7 777 785 13 46, e-mail: ecoorda@bk.ru

***

«СП «ЮГХК» ЖШС экологиялық рұқсат алу мақсатында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар «СП «ЮГХК» ЖШС-нің «Оңтүстік Инкай» кенішінің «Оңтүстік» өндірістік алаңындағы объектілерді салу» жобасы бойынша экологиялық әсерді бағалау (ҚОӘБ) материалдарына, нормативті рұқсат етілген шығарылымдары (НРЕШ), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ) және қоршаған ортаны қорғау іс-шаралар жоспарына (ҚОҚІЖ) сәйкес жүргізіледі.

Географиялық координаттар: 45°05′49″ 67°30′31″, 45°10′28″ 67°24′30″

Әсер ету аймағының географиялық координаттары (Алғабас ауылы): 44°17'33.94"С және 66°43'26.76"В

Қоғамдық тыңдаулар өткізілуі мүмкін және экологиялық әсер ету аймағына енетін әкімшілік-аумақтық бірліктер тізбесі: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Алғабас ауылы.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 06 тамыз күні сағат 15:00-де келесі мекенжайда өткізіледі: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жуантөбе ауылдық округі, Алғабас ауылы, әкімдік ғимараты, Азимхан Исмаилов көшесі, 35-ғимарат, пошта индексі 120705. Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс форматында өткізіледі.

Онлайн қосылу сілтемесі: https://us05web.zoom.us/j/84512204104?pwd=Rxi4zMcEfQvdaY7DFE8QAWIcKcnIIj.1

Конференция идентификаторы: 845 1220 4104. Қатысу коды: 123456

Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы қажет. Қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысын өткізу мерзімі қатысушылардың шешімімен қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Жобаны іске асыру бастамашысы - «СП «ЮГХК» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 160019, Шымкент қаласы, Д.Қонаев даңғылы, 23А, Тел.: +7 (7252) 99 73 93, БСН 140840001183, E-mail: info@ughk.kazatomprom.kz

Жобаны әзірлеуші - «SAAF Group» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Байдібек би даңғылы, 116 үй, 7-құрылыс, 14-пәтер, БСН: 051240000642

Қоғамдық тыңдауларға ұсынылатын материалдармен, сондай-ақ кейін жарияланатын қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен https://ecoportal.kz Бірыңғай экологиялық порталда және https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru МИӨ ресми сайтында танысуға болады.

Жобаланып отырған қызмет туралы қосымша ақпарат, тыңдаулар өткізу тәртібі, құжаттардың көшірмесін сұрату мәселелері бойынша келесі байланыс құралдары арқылы хабарласуға болады: Тел.: +7 702 092 70 88, E-mail: saaf.group@mail.ru.

Жобалық құжаттама және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасы бойынша мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары Біріңғай экологиялық портал арқылы, сондай-ақ келесі мекенжай бойынша қабылданады:

«Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 60а, 3-қабат, E-mail: a.koszhanova@korda.gov.kz

***

ТОО «СП «ЮГХК» объявляет о проведении общественных слушаний на получение экологического разрешения на воздействие по материалам по проекту «СТРОИТЕЛЬСТВО ОБЪЕКТОВ ПРОМЫШЛЕННОЙ ПЛОЩАДКИ «ЮЖНАЯ» РУДНИКА «ЮЖНЫЙ ИНКАЙ» ТОО «СП «ЮГХК» в пределах Кызылординской области», раздел ООС, нормативы допустимых выбросов (НДВ), программа производственного экологического контроля (ППЭК), программа управления отходами (ПУО), план природоохранных мероприятий (ППМ).

Географические координаты:45°05′49″ 67°30′31″, 45°10′28″ 67°24′30″

Географические координаты зоны воздействия с. Алгабас: 44°17'33.94"С и 66°43'26.76"В.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Кызылординская область, Шиелийский район, Жуантобинский с.о., с.Алгабас.

Общественные слушания состоятся 06.08.2025г. в 15:00 ч. по адресу: Кызылординская область, Шиелийский район, Жуантобинский с.о., с.Алгабас, здание акимата, улица Азимхан Исмаилов, здание 35, почтовый индекс 120705.

Общественные слушания проводятся в формате открытого собрания.

Ссылка на онлайн подключение: https://us05web.zoom.us/j/84512204104?pwd=Rxi4zMcEfQvdaY7DFE8QAWIcKcnIIj.1

Идентификатор конференции: 845 1220 4104. Код доступа: 123456

При себе иметь удостоверение личности. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор намечаемой деятельности - ТОО «СП «ЮГХК», Республика Казахстан, 160019, город Шымкент, проспект Д.Кунаева, 23 А, тел: +7 /7252/ 99 73 93; БИН 140840001183, Тел.: +7 (725) 299-7390, e-mail: info@ughk.kazatomprom.kz.

Разработчик проекта - ТОО "SAAF Group", Республика Казахстан, город Шымкент, район Каратау, проспект Байдибек Би, дом 116, корпус 7, кв. 14, БИН: 051240000642.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz, а также на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, запросов копий документов, относящихся к намечаемой деятельности можно получить по тел.: +7702-092-70-88 и эл.адрес: saaf.group@mail.ru. Замечания и предложения заинтересованной общественности на документацию по проекту и по опубликованному протоколу принимаются на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Кызылординской области», по адресу: Кызылординская область, Кызылорда, Кызылорда городская администрация, пр.Абая, 60а, 3 этаж и a.koszhanova@korda.gov.kz.

# ФРИЛАНСЕРЛЕРГЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН ҚАЛАЙ АУДАРУҒА БОЛАДЫ?

**1) Фрилансерлер міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге міндетті ме, олардың жарна мөлшері қалай есептеледі?**

Әлеуметтік кодекстің нормаларына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) агенттер төлейді. Агент - БЖЗҚ-ға Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен МЗЖ, МКЗЖ, ЖМЗЖ, ЕЗЖ аударатын, ұстап қалатын (есептейтін) жеке немесе заңды тұлға. Оларға Қазақстан Республикасындағы қызметін шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғалар да жатады.

МЗЖ-ны мына санаттарға жататын азаматтар өз бетінше төлейді:

• жеке кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа немесе фермерлік қожалықтардың басшылары, олардың 18 жасқа толған мүшелері, сондай-ақ жеке практикамен айналысатын адамдар өз пайдасына төлей алады;

Бұл ретте, МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыс дегеніміз – МЗЖ төленбейтін табысты қоспағанда, әлеуметтік аударымдарды төлеу үшін тұлғаның өзі айқындайтын табыс. Бірақ Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын табыстан аспауы тиіс.

Сонымен қатар, МЗЖ есептеу үшін қабылданатын айлық табыс республикалық бюджет туралы заңда сол жылға белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Егер аталған адамдардың табысы республикалық бюджет туралы заңда сол жылға белгіленген ең төменгі жалақының 1 еселенген мөлшерінен кем болса, олар МЗЖ-ны республикалық бюджет туралы заңда сол жылға белгіленген ең төменгі жалақының 1 еселенген мөлшерінен төлеуге құқылы;

• салық агенттері болып есептелмейтін жеке тұлғалармен жасалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар.

Бұл ретте, МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыс - бұл МЗЖ төленбейтін табысты қоспағанда, әлеуметтік аударымдарды төлеу үшін тұлғаның өзі айқындайтын табысы. Бірақ Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын табыстан аспауы тиіс.

МЗЖ есептеу үшін қабылданатын айлық табыс республикалық бюджет туралы заңда сол жылға белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс. 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ҚР Әлеуметтік кодексі "Қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметтерін интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалану арқылы жүзеге асыратын адамдарды әлеуметтік қамтамасыз ету" бабымен толықтырылды.

Интернет-платформалардың және (немесе) мобильдік қосымшалардың операторы арнайы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнайы салық режимін (АСР) қолданатын жеке кәсіпкерлердің (ЖК) кірістерінен міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) ұстап қалуды жүргізеді және ұсталған сомаларды БЖЗҚ-ға аударады. МЗЖ мөлшерлемесі МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыстың 1% мөлшерінде немесе МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыстың 10 пайызы мөлшерінде орындаушының өз қалауы бойынша айқындалады. МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыс деп орындаушылардың көрсетілген қызметтер немесе орындалған жұмыстар үшін алған табысы түсініледі. Интернет-платформа операторы - интернет-платформада тіркелген орындаушылар мен тапсырыс берушілер арасында қызметтер көрсету бойынша (оның ішінде үшінші тұлғаларды тарта отырып) байланыс орнату үшін ақпараттық технологиялар мен жүйелерді қолдана отырып, техникалық, ұйымдастырушылық, ақпараттық және өзге де мүмкіндіктер беретін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

Орындаушы - интернет-платформада тіркелген, тапсырыс берушілерге қызмет көрсететін немесе жария шарт негізінде интернет-платформаны пайдалана отырып жұмыстарды орындайтын жеке тұлға, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыс дегеніміз - арнайы мобильдік қосымша пайдаланылатын АСР қолданатын жеке кәсіпкер-орындаушылардың көрсеткен қызметтері немесе орындаған жұмыстары үшін алған табысы.

Бұл ретте МЗЖ есептеу үшін қабылданатын айлық табыс республикалық бюджет туралы заңда сол жылға белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

**2) Фрилансерлер зейнетақы жинақтарын қалыптастыру үшін БЖЗҚ-да шотты қалай аша алады?**

Зейнетақы жарналарын - міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу үшін БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу бірінші жарна түскен кезде жүргізіледі. Пайдасына зейнетақы жарналары жүзеге асырылатын жеке тұлғаны сәйкестендіру жарналарды аудару кезіндегі төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректердің (ТАӘ, ЖСН, туған күні) негізінде жүзеге асырылады. БЖЗҚ жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, тұрақты тұратын жері туралы және өзге де барлық қажетті мәліметтерді Мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады. Осылайша, ЖЗШ ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ, өйткені зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша шот автоматты түрде ашылады.

ЖЗШ ашу және зейнетақы жарналарын аудару мәселелері бойынша ақпарат БЖЗҚ сайтында орналастырылған.

**3) БЖЗҚ салымшыларға өз шоттарын мониторингілеу және зейнетақы жинақтарын басқару үшін қандай онлайн-құралдар немесе қызметтер ұсынады?**

БЖЗҚ қызметтерінің 90%-дан астамы автоматты, электрондық және қашықтықтан тәулік бойы (24/7) ұсынылады.

Зейнетақы шотын тұрақты мониторингілеу үшін Қор сайтындағы немесе мобильді қосымшадағы жеке кабинет арқылы үзінді көшірме алу неғұрлым жедел және ыңғайлы болып табылады. Үзінді көшірмеде салымшыға қажетті барлық ақпарат беріледі. Атап айтқанда, жинақтардың жалпы көлемі, оның ішінде жарналар түрлері бойынша жинақталған қаражат сомасы жеке көрсетіледі. Сондай-ақ, үзінді көшірмеден зейнетақы жарналарын қай ұйым, қандай уақытта аударғанын да білуге болады. Сондай-ақ, сұралған кезеңдегі инвестициялық кірістің мөлшерін көруге болады. Жеке кабинетте зейнетақы шотының жай-күйіне қатысты ақпараттан басқа, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шоттың болуы туралы анықтама алу, зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндік бар.

Сондай-ақ, болашақ зейнетақының болжамды мөлшерін есептеуге және болашақта алғыңыз келетін зейнетақы мөлшерін көрсете отырып, зейнетақы жоспарын құруға көмектесетін зейнетақы калькуляторы мен дербес зейнетақы жоспарын пайдалануға болады. Зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтар үшін ыңғайлы.

**4) Фрилансерлерге ерікті зейнетақы жарналарын аудару қажет пе, бұл жарналардың артықшылықтары қандай?**

- Болашақта алатын зейнетақыңыздың мөлшерін арттыра түскіңіз келсе, зейнетақы қорына ерікті зейнетақы жарналарын да аударып отырсаңыз болады. Ерікті зейнетақы жарналарының артықшылығы көп. Мәселен, Сіз жарна мөлшері мен төлеу кезеңділігін, жинақталған зейнетақы қаражатын алу тәртібін өзіңіз белгілейсіз. Ерікті аударымдарды екінші деңгейдегі банктердің ұялы қосымшалары арқылы төлеуге болады. Бұл БЖЗҚ салымшылары үшін тиімді әдіс.

Айта кетелік, өзіңіздің ғана емес, кез келген үшінші тұлғаның – мысалы, жұбайыңыздың, ата-анаңыздың, туған-туыстарыңыздың, тіпті кәмелетке толмаған балаңыздың да ерікті зейнетақы шотына жарна аударуыңызға болады. Бұл үшін оның жеке сәйкестендіру нөмірін енгізсеңіз жетіп жатыр.

ЕЗЖ бойынша жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ, зейнетақы жарналарының басқа түрлері сияқты ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ алғашқы жарна аударылған сәтте автоматты түрде ашылады.

Ерікті зейнетақы жарналары да, міндетті зейнетақы жарналарының барлық түрлері сияқты инвестицияланып, салымшыларға табыс әкеледі. Егер инвестициялық портфельді басқарушы компанияларға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50% дейінгі мөлшерін аударуға рұқсат етілсе, ерікті зейнетақы жинақтарын толық көлемде сеніп тапсыруға болады.

Сондай-ақ, ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін 50 жастан бастап алуға болады.

Салымшының ЕЗЖ аудару туралы дер кезінде қабылдаған шешімі зейнетақы капиталын едәуір толықтыруға және болашақта жоғары мөлшердегі төлемдер алуға негіз бола алады.

**5) Фрилансерлердің зейнетақы жинақтары инвестициялана ма?**

Қазақстанның басқа азаматтарының зейнетақы жинақтары сияқты, фрилансерлердің зейнетақы жинақтары да инвестицияланады. Инвестициялаудың негізгі мақсаты - ұзақ мерзімді перспективада нақты табыс табу. Сондықтан оларды басқару нәтижелерін объективті бағалау үшін кем дегенде 1 жыл кезеңіндегі деректерді талдау қажет. Мұндай мерзім ұзақ мерзімді перспективада инвестициялардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Инвестициялаумен Қазақстанның Ұлттық Банкі және бес басқарушы компания айналысады: "Jusan Invest" АҚ, "Halyk Global Markets" АҚ, "BCC Invest" АҚ, "Сентрас Секьюритиз" АҚ, "Halyk Finance"АҚ. Сіз басқарушы компанияны өзіңіздің қалауыңыз бойынша таңдай аласыз.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың ресми сайтындағы (www.enpf.kz) "Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет" бөлімінде ай сайын жарияланып отырады.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.**

# АСА ҚАУІПТІ ҚҰТЫРМА АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ

Құтырма ауруы - құтырған жануарлардың адамдарға жарақат салғаннан туындайтын, орталық нерв жүйесінің зақымдануымен және өлім жағдайына әкеліп соқтыруымен сипатталатын жануарлар мен адамдардың табиғи ошақтық, аса қауіпті ауру болып табылады. Бұл аталған құтыру ауруы мезгіл таңдамайтың, жылдың кез- келген уақытында



тіркелуі мүмкін. Құтырма ауруы көптеген жағдайда (60-70) пайызы инфекцияның көзі иттер мен мысықтар болып табылады. Құтырма ауруының табиғи ошақтары қасқырлар, түлкі, қарсақ, шибөрі және басқа да жануарлар болған жерде қолдау табады, олардан инфекция үй жануарларына және кезбе иттерге, мысықтарға жұғады. Инфекцияның берілуі тістегеннен кейін жарақат сілекейлену, тырнау арқылы жүзеге асырылады. Құтырма ауруы жұққан жануарлар инкубациялық кезеңнің аяғында және ауру кезінде вирусты сілекей арқылы бөліп шығарады. Зақымдалған тері арқылы енгізілгеннен кейін құтырма вирусы нерв талшықтары арқылы таралады және бас, жұлын миына жетеді, онда көбейіп, жинақталады. Сілекей бездеріне жете отырып вирус сілекеймен сыртқы ортаға шығарылады. Ол нерв тіндерінде көбейген кезде ісіктер, қан құйылу, кері даму өзгерістер пайда болады. Инкубациялық кезеңінің (аурудың жасырын кезеңі) ұзақтылығы жарақат салған жерге байланысты 12 күннен 1 жылға дейін созылады. Ауру үш кезеңге бөлінеді: аурудың білінетін кезеңі, қозу кезеңі, сал кезеңі. Науқас адам тыныс алу ағзасының салдануынан және салдану белгілері білінгеннен кейін 12-20 сағат өткен соң жүрек қызметінің тоқталуынан қайтыс болады. Аурудың ұзақтығы 3-7 күн. Құтырма ауруымен ауырған иттер алғашқы ауырған күндері иесінің шақыруына лажсыз дыбыс береді, қараңғы жерге тығылуға тырысады, тамақ ішпейді, кей уақытта долданып, кетіп бара жатқан адамдарға үрмей жарақат салады, жеуге болмайтын шүберектер, ағаштарды кеміреді.

Әрбір жануарлардан жарақат алғандар, жануарлардың сілекейі денесіне тиген адамдар дер кезінде медициналық көмекке жүгіну керек. Жануарлар жарақат салған жағдайда, сілекейлену уақытында жараны сабынды жылы сумен көп мөлшерімен неғұрлым ертерек мұқият жуып, артынан дәрігерге қаралу қажет. Құтырма ауруы қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы маңызды мәселе болып табылады. Құтырма ауруының 99 пайызында адамға ауру жануарлар тарапынан тістеу, тырнау, сілекейлену арқылы жұғады, бұл жағдайлар жануарларды вакцинациялау және жануарлардың жарақат салуының алдын алу шаралары арқылы болдырмауға болады. Құтырма ауруының алдын алу мақсатында қолданатын екпені уақытында ерте алса, соғұрлым нәтижелі болады. Құтырма ауруынан аман алып қалатын тек қана вакцина екенін ұмытпаңыздар, ешқашанда вакцина ектіруден бас тартпаңыздар.

**О.СӘРСЕМБАЙ,**
**Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы.**

# ҚҰРМЕТТІ БАҚЫЛАУ-КАССА МАШИНАСЫН (БКМ) ҚОЛДАНУШЫ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI санды «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 166 - бабының 6-тармағына сәйкес, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасының чегінде мынадай ақпараттарды қамтуы тиіс:

1) салық төлеушінің атауын;
2) салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін;
3) бақылау-касса машинасының зауыттық нөмірін;
4) бақылау-касса машинасының салық органындағы тіркеу нөмірін;
5) чектің реттік нөмірін;
6) тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жасалған күн мен уақытты;
7) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бір бірлігі үшін бағасын;
8) фискалдық белгіні;
9) деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарының бақылау чегінің төлнұсқалығын тексеру үшін фискалдық деректер операторының атауын және фискалдық деректер операторы интернет-ресурсының деректемелерін;
10) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауын;
11) сатып алынатын тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің санын, олардың өлшем бірлігін;
12) тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатудың жалпы сомасын;
13) егер салық төлеуші қосылған құн салығын төлеуші болып табылса - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді өткізу бойынша, қосылған құн салығы салынатын айналымдар жөніндегі мөлшерлемені көрсете отырып, қосылған құн салығының сомасын;
14) бақылау-касса машинасы пайдаланылатын жердің мекенжайын;
15) бақылау-касса машинасының чегі туралы ақпаратты кодталған түрде қамтитын штрих кодты.

Сол себепті, Арал ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы бақылау-касса машинасын қолданған кезде осы талаптардың толық сақталуын қамтамасыз етулеріңізді, сонымен қатар, түбіртек басу барысында Кодекстің 166 - бабының 6-тармағының 10-тармақашасына сәйкес тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауын көрсетулеріңізді сұрайды.

Ескертпе: БКМ қолдану талаптарын сақтамаған жағдайда ӘҚБт Кодексінің 284-бабының 7-тармағына сәйкес әкімшілік жаза қолданылатынын назарларыңызға жеткізеді.

**Арал ауданы бойынша**
**Мемлекеттік кірістер Басқармасы.**

## 2025 ЖЫЛДЫҢ II - ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМА БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Лауазымы | Аты-жөні | Қабылдау күні және уақыты | Орналасқан орны | Қызметтік телефон |
|---|---|---|---|---|
| Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының басшысы | Қожабергенов Фердоуси Әбілқасымұлы | Әр аптаның бейсенбі күндері сағат 11:00 ден 17:00 аралығында | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №201 | +7 (7242) 40-04-70 *(4223)* |
| Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы басшысының орынбасары | Бегайдаров Аблазим Қалдыбайұлы | Әр аптаның жұма күндері сағат 09:00 ден 18:00 аралығында | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №201 | +7 (7242) 40-04-70 *(4202)* |
| Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы басшысының орынбасары | Сайдулла Жасұлан Тілектесұлы | Әр аптаның сәрсенбі күндері сағат 09:00 ден 18:00 аралығында | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №205 | +7 (7242) 40-04-70 *(4204)* |
| Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы басшысының орынбасары | Мыханов Дархан Аманжолұлы | Әр аптаның сейсенбі күндері сағат 09:00 ден 18:00 аралығында | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Қабылдау орталығы, Каб №1 | +7 (7242) 40-04-70 *(4203)* |

Қабылдауға жазылу 8 (7242) 40-04-70 (ішкі 4205) телефоны және ugd.kyzylorda@kgd.gov.kz электронды поштасына жүгіну арқылы жүргізіледі.

**Қызылорда қаласы бойынша**
**Мемлекеттік кірістер Басқармасы.**

## ГРАФИК ПРИЕМА ФИЗИЧЕСКИХ ЛИЦ И ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ РУКОВОДСТВОМ УПРАВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА НА II - ПОЛУГОДИЕ 2025 ГОДА

| Должность | Ф.И.О. | Дата приема | Место приема | Контактный телефон |
|---|---|---|---|---|
| Руководитель Управления государственных доходов по городу Кызылорда | Кожабергенов Фердоуси Абилхасимович | Еженедельно по четвергам с 11:00 до 17:00 часов | город Кызылорда, проспект Н.Назарбаева 23 Каб №201 | 40-04-70 *(4223)* |
| Заместитель руководителя Управления государственных доходов по городу Кызылорда | Бегайдаров Аблазим Қалдыбайұлы | Еженедельно по пятницам с 09:00 до 18:00 часов | город Кызылорда, проспект Н.Назарбаева 23 Каб №201 | 40-04-70 *(4202)* |
| Заместитель руководителя Управления государственных доходов по городу Кызылорда | Сайдулла Жасұлан Тілектесұлы | Еженедельно по средам с 09:00 до 18:00 часов | город Кызылорда, проспект Н.Назарбаева 23 Каб №205 | 40-04-70 *(4204)* |
| Заместитель руководителя Управления государственных доходов по городу Кызылорда | Мыханов Дархан Аманжолович | Еженедельно по вторникам с 09:00 до 18:00 часов | город Кызылорда, проспект Н.Назарбаева 23 Центр приема Каб №1 | 40-04-70 *(4203)* |

Запись на прием осуществляется по телефону: 8 (7242) 40-04-70 (вн 4205) и через электронную почту: ugd.kyzylorda@kgd.gov.kz

**Управление государственных доходов**
**по городу Кызылорда.**

# ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ 4,11 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ҰЛҒАЙДЫ

2025 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 23,10 трлн теңгеден асты. 12 айда 4,11 трлн теңгеге немесе 21,7%-ға артты. 2025 жылдың 1 мамырына міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі 22,05 трлн теңге. 12 айдағы өсімі - 20,4%. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары - 661,69 млрд теңге, 12 айдағы өсім - 10,5%. Өткен бір жыл ішінде ең үлкен өсімді (39,7%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың көлемі 8,38 млрд теңге. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) 2025 жылдың 1 мамырына 374,30 млрд теңге болды.

**Түсімдер**

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2025 жылдың 4 айы ішінде салымшылардың шоттарына түскен зейнетақы жарналарының мөлшері - 1,03 трлн теңге (өткен жылмен салыстырғандағы өсім 20,8% немесе 177,82 млрд теңге).

Жыл басынан бері МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2025 жылдың 1 мамырына 852,82 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 12,3%-ға ұлғайды), МКЗЖ - 46,47 млрд теңге (өсім - 20%), ЕЗЖ - 1,05 млн теңге (өсім - 7,3%) түсті. 2025 жылдың 4 айында ЖМЗЖ 133,86 млрд теңгені құрады.

**Төлемдер мен аударымдар**

2025 жылдың 4 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 525,25 млрд теңгені құрады. Бұл былтыр жасалған төлемдер көлемінен 2 есе дерлік немесе 239,79 млрд теңгеге көп.

Төлемдердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінің (БЗТ) еншісінде - 307,34 млрд теңге.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер жыл бойына 23,75% ұлғайып, 01.05.2025ж. 80,53 млрд теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты берілетін орташа айлық төлем - 35 686 теңге.

Жыл басынан бастап 01.05.2025ж. дейін мұрагерлік бойынша 23,10 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 12,21 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға - 1,08 млрд теңге, жерлеуге - 3,60 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 97,39 млрд теңге аударылды.

**ЖЗШ саны**

2025 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны - 17,52 млн. бірлік (жыл бойғы өсім - 1,51 млн бірлік немесе 9,4%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2025 жылдың 1 мамырына 12,55 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,17 млн - МЗЖ бойынша, 733,06 мыңы - МКЗЖ бойынша, 448,61 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗҚ-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - 4,97 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.**

***

Құрметті аудан тұрғындары "Бәйге" акциясы басталғандығын хабарлайды. Бұл акцияның мақсаты - көлеңкелі экономикамен күресу, халықтың салықтық мәдениетін арттыру болып табылады. Осы акцияны өткізу кезеңінде еліміздің әрбір тұрғыны кез келген сатып алу арқылы смартфондар мен бағалы сыйлықтардың иегері болуға мүмкіндік алады. Тек тауарлар, жұмыстар және қызметтер үшін төленген сомаға берілетін чектерді «Amian» мобильдік қосымшасында тіркесе болды. Акцияға тек деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-кассалық машиналардың чектері (Онлайн БКМ) қатысады. «Amian» мобильдік қосымшасында App Store және Play market дүкендерінде қол жетімді.

**Арал ауданы бойынша**
**Мемлекеттік кірістер Басқармасы.**

# ШОМЫЛУ ОРЫНДАРЫ



Жаз маусымында адамдар су жағасына барып, отбасымен, достарымен бірге табиғат аясында серуендеуге бет алады. Су жағалауларында күнге қыздырынып, демалып, суға шомылып, ыстық құмға «пісу», салқын суға шомылғысы келетіні, жанға сондай жайлы екені анық. Дегенменде, суға түсу кезінде талаптардың сақталмауы, қауіпсіздік шараларын орындамау, келеңсіз жағдайларға әкеп соғатыны және әртүрлі инфекциялық ауруларды жұқтырып алуы қауіпін туғызады.Сондықтан әрбір адам су қоймасының қайсыбірінде болмасын суға түсу кезінде қауіпсіздік ережелері мен санитариялық талаптарды білуі және қатаң сақтауы абзал.

Табиғатта суға түсу кезінде: таңертең немесе кешке күн жылы болған кезде шомылған дұрыс. Судың температурасы 18-19 градустан, ауа температурасы +20 +25 градустан төмен болмауы керек. Шомылудың ұзақтығы ауа мен судың температурасына, ауаның ылғалдылығына және желдің күшіне байланысты. Шомылудың ең қолайлы шарттары-ашық, тыныш ауа-райы, ауа температурасы +25 және одан да көп градус болған кез.

-Ең алдымен рұқсат етілген жерлерде ғана шомылыңыз. Шомылатын орынға тыйым салынбағанын тексеріңіз. Шомылатын орынның тереңдігін біліп алыңыз. Тамақтанып болғаннан соң бірден суға беттемеңіз. Су ішінде алысып ойнамаңыз. Еш уақытта қараңғы уақытта, сондай-ақ, масайған күйінде шомылмаңыз. Егер жалғыз шомылсаңыз, жақсылап ой таразысына салыңыз, төтенше жағдай бола қалса, сізге кім көмектесетінін ойлаңыз. Тым ұзақ шомылмаңыз, тоңып қалуға дейін жеткізбеңіз, аяқ - қолыңыздың тырыспауын қадағалаңыз. Қоршау белгілерінен алыстап кетпеңіз. Балаларға көңіл бөліңіз, үлкендердің карауынсыз жеке қалдырмаңыз, шомыла білмейтін балаларды суға мүлдем жақындатпаңыз.

Суға түсу орындары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 26 шілдедегі № ҚР ДСМ-67 бұйрығымен бекітілген «Коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары туралы бұйрығы негізінде қадағаланады.

Суға түсу орындарында ерлер мен әйелдерге арналған шешіну-киіну орындары, себезгі бөлмелері, санитариялық тораптар, ваннасы бар зал, персоналға арналған тұрмыстық үй-жайлар, спорт мүкәммалын сақтауға арналған қоймалар, жинау мүкәммалын, жуу және дезинфекциялау құралдарын сақтауға арналған қоймалар, әкімшілік үй-жайлар, медициналық персоналға арналған кабинет болуы тиіс.

Бассейннің жүретін жолдары, бассейннің түбі су өтпейтін материалдардан және ылғалға, тазалауға қолданылатын химиялық реагенттер мен дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді болуы қажет.

Бассейндерде рециркуляциялық немесе су ауыстырудың ағынды жүйесі қолданылады немесе бір мезетте бассейнді дезинфекциялай отырып, судың қажеттілігіне қарай және өндірістік бақылау көрсеткіштері бойынша судың толық ауыстырылуы қамтамасыз етіледі.

Шомылудан кейін жағымсыз салдардың алдын алу үшін қарапайым жеке бас гигиена ережелерін сақтау керек: мүмкіндігінше тезірек гигиеналық душ қабылдаңыз, ешқандай жағдайда су қоймаларынан су ішпеңіз.

«Су - тілсіз жау». Судағы апаттан қорғанудың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау болып табылады. Осы айтылған барлық қауіпсіздік шаралары мен ережелерін қатаң сақтайтын болсаңыздар, өздеріңізді, барлық жақындарыңыз бен достарыңызды қауіп-қатерден аман алып қала аласыз. «Өз өмірің өз қолыңда» екенін ешқашан естен шығармаңыздар!

**Қ.ОМАРОВА,**
**Сырдария аудандық СЭББ басшы орынбасары.**

# ЭКОЖАҢАЛЫҚТАР ● ЭКОНОВОСТИ

## ДЕРЕВЬЯ-ДОЛГОЖИТЕЛИ: КАК СТАРОЖИЛЫ ПОДДЕРЖИВАЮТ ЖИЗНЬ ЛЕСА?



*Старые деревья играют ключевую роль в поддержании экосистем леса - они способствуют биологическому разнообразию, устойчивости и адаптивности природных сообществ. Если срубить дерево-старожила, на его полноценную замену может уйти целое столетие. Исследователи проанализировали предыдущие научные данные и построили модели, позволяющие определить, какое количество деревьев становится долгожителями и как они влияют на окружающую флору. Выяснилось, что менее 1 % всех деревьев достигают статуса «старожилов», однако их значение для леса непропорционально велико.*

*Чем дольше живёт дерево, тем выше вероятность того, что оно передаст свои гены будущим поколениям. По словам биолога Чарльза Кэннона, деревья-долгожители играют критическую роль в долгосрочной адаптивной способности лесов. Кроме того, они предоставляют убежище редким и исчезающим видам, а также поглощают углерод значительно эффективнее молодых деревьев.*

*Сегодня эти уникальные гиганты находятся под угрозой из-за глобального потепления и активной вырубки лесов. Потеря старых деревьев означает утрату не только биологического и генетического наследия, но и разрушение уникальных сред обитания, необходимых для сохранения природы.*

*Учёные призывают к немедленной защите деревьев-старожилов. Их сохранение требует как уменьшения темпов обезлесения, так и активных мер по борьбе с климатическим кризисом. Ведь именно старые деревья - живое ядро устойчивости и будущего лесных экосистем.*

*По материалам gismeteo.ru, фото: © shutterstock.com.*


## ТОО «КазЭкосистемс»

(горлицензия 01259 №0042510 от 25.09.2008 г.) представляет следующие виды услуг в области охраны окружающей среды:

1. Оказание консультационных услуг в области охраны окружающей среды
2. Составление и содействие в подаче заявления о намечаемой деятельности в уполномоченный орган в области ООС
3. Организация в проведении общественных слушаний
4. Подготовка отчета о возможных воздействиях при оценке воздействия на окружающую среду
5. Подготовка послепроектного анализа отчета о возможных воздействиях
6. Составление заявления на получение экологического разрешения на воздействия, в том числе:
6.1 Разработка проектов нормативов эмиссий (нормативы допустимых выбросов, нормативы допустимых сбросов)
6.2 Составление программы управления отходами для I и II категории
6.3 Составление паспорта опасного отхода
6.4 Разработка программы производственного экологического контроля (ПЭК)
6.5 Составление проекта плана мероприятий по охране окружающей среды
7. Составление отчета производственного экологического контроля
8. Разработка раздела «Охрана окружающей среды» в составе проектной документации при подготовке декларации для III и IV категории
9. Подготовка и содействие в подаче декларации о воздействии на окружающую среду для III категории
10. Составление проектов обоснования санитарно-защитной зоны (предварительная, окончательная)
11. Составление квартальных отчетов, согласно условий экологического разрешения, статистических отчетов, налоговых отчетов по форме 870.00.
12. Консультация и содействие в формировании пакета документов для получения лицензии для юридических лиц, занимающихся деятельностью по переработке, обезвреживанию, утилизации и (или) уничтожению опасных отходов.

Наш адрес: г. Кызылорда, ул. Байтурсынова, 48.
эл.адрес kazecosystems@mail.ru
тел. 8 7242 27 52 99



ПРИОБРЕТАЙТЕ ПОДПИСКУ И ПОЛУЧАЙТЕ СВЕЖИЕ ВЫПУСКИ ГАЗЕТЫ ПО ЭЛЕКТРОННОМУ АДРЕСУ

syr.tabigaty@gmail.com
www.syrtabigaty.kz

Наш адрес: г.Кызылорда, ул.Кайнарбаева, 33
+7 777 563 76 92


## САМЫЕ БЫСТРЫЕ РАСТЕНИЯ ЗЕМЛИ



*Долгое время бамбук считался самым быстрорастущим растением на планете. Он продолжал удивлять ученых и даже был занесен в Книгу рекордов Гиннесса. Некоторые его виды имеют удивительную скорость роста - почти 91 см в день.*

*Однако недавние исследования выявили нового лидера - ряску. Это небольшие водные растения рода вольфия. Характерный индийский вид Wolffia microscopica удваивает свой объем за 29,3 часа. Ученые полагают, что столь высокая скорость роста связана с изменениями в генах цикла света и темноты, который обычно управляет развитием растений.*

*Еще одно интересное явление связано со сфагновыми мхами. Они играют важную роль в формировании торфяных болот, сохраняют влагу, предотвращают гниение растительности и имеют взрывообразный способ распространения. Споры мхов содержатся в капсуле, которая под давлением раскалывается и разлетается, обеспечивая дальнейшую дисперсию. Скорость спор при этом просто огромная.*

*Мир хищных растений также впечатляет. Некоторые водные растения способны захватывать добычу еще быстрее, чем знаменитая ловушка Венериной мухоловки. Например, пузырчатка южная (Utricularia australis) способна засасывать жертву со скоростью до 4 м/с. Весь процесс открытия и закрытия ее западни происходит в среднем за 9 миллисекунд!*

*Растительный мир полон удивительных представителей, которые постоянно напоминают нам о разнообразии и великолепии природы.*

*По материалам gismeteo.ru, фото: © shutterstock.com.*


Құрылтайшы - Қызылорда облыстық «Сыр Табиғаты» заңды тұлғалар Ассоциациясы

Редактор Ақбота Абенова

Газет Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму Министрлігі байланыс, ақпараттандыру және Ақпарат Комитетінде қайта тіркелген.

Тіркеу куәлігі №15905-Г, 25.03.2016ж.

Жекеленген авторлардың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар қайтарылмайды. «Сыр Табиғаты» газетінде жарияланған мақала көшірілін басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

Жарнама және хабарландыру мәтіні мен мазмұнына редакция жауап бермейді.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Жазылу индекс - 68116

Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қайнарбаев көшесі, №33. Толық мәлімет алу үшін: 8-777-563-76-92 телефонына хабарласуға болады.
E-mail: syr.tabigaty@gmail.com

Басылым апта сайын жарық көреді

Тапсырылыс № 1050

Таралым 500